



Мерекелеріңізбен, аяулы асыл жанғдар!



# Сыр бойы

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет • 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

№35-36  
(20309-20310)



6 наурыз, жексенбі 2022 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz

www.syrboyi.kz



www.facebook.com/syrboyi.kz/



www.instagram.com/syrboyi\_kz



https://twitter.com/syrboyi



t.me/syrboyi\_kz



**8 наурыз**

**ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ҚҰТТЫҚТАУЫ**

**Ардақты аналар, қадірлі қыз-келіншектер!**

Сіздерді көктемнің көрікті мерекесі 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Әйел-аналардың қай заманда болсын өмірдің кез келген саласында өзінің лайықты орны бар.

Біздің аналарымыз, аруларымыз тек отбасының ұйытқысы ғана емес, олар – бүкіл қоғамды алға сүйреп, ел ынтымағын нығайтып, несібесін молайтып жүрген қуатты күш.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев 2022 жылды «Балалар жылы» деп жариялады. Бала тәрбиесіне қашанда ұлт тәрбиесі деп қараған дана халқымыз болашақ ұрпақты дүниеге әкеліп, бағып-қағып, қияға ұшырататын аналарды ардақтай да, аялай да білген.

Алыптың да анадан туатынын ескерсек, нәзік жандыларға деген құрмет те, қошемет те, қолдау мен қорғау да мемлекеттік тұрғыда күн тәртібінен түспейтін маңызды мәселе болып қала береді.

Сіздер күнделікті қажырлы еңбектеріңізбен отбасының ғана емес, тәуелсіз еліміздің дамуына зор үлес қосып жүрсіздер. Қандай қиындық болса да мойымай, ауырлықты көтере білетін қайсарлықтарыңызды дәлелдеп келесіздер.

Әсем көктемнің тамаша мерекесі әрдайым қуаныш сыйлап, жүздеріңіз жайнап, айналаңызды шуаққа бөлей беріңіздер.

Сіздерге мықты денсаулық, ұзақ ғұмыр, шаңырақтарыңызға шадыман шаттық, бақ-береке, амандық тілеймін!

Мереке құтты болсын!

Құрметпен,  
облыс әкімі  
Гүлшара ӘБДҚАЛЫҚОВА

## Тіршіліктің нәрі де, мәні де – Ана

Көктем жер анаңын оянып, тіршіліктің жалғасатын мезгілі. Қарлығаштың ұя салып, ең алғашқы көк шөптің көрінуі, күн шуағының мольнан түсе бастауы бәрі-бәрі осы мерекеді қатар өрілетін өмір көрінісі. Осынау табиғаттың ерекше кезеңінде әйелдер мерекесінің де қатқабат келуі заңдылық секілді. Өйткені, көктем де, ардақты ана да тіршіліктің бастауы.

**С** Айсәуле ҚАРАПАЕВА,  
«Сыр бойы»

Сұлулық пен бейбітшіліктің символына айналған әйелдер мерекесі қарсаңында облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова түрлі салада еңбек етіп, қоғам дамуына қызмет еткен нәзікжандылармен кездесті. «Сырдың ару көктемі» тақырыбында өткен басқосуға 30-ға жуық көпбалалы Батыр ана мен еңбек адамдары шақырылды.

Ерге бергісіз қызмет етіп, аналық мейіріммен қоғамға жақсылық тілеп жүрген аналар арасында қан жүргізуші, аула сыпырушы, әскери бөлімнің ефрейторы секілді ерекше мамандық иелері де болды.

Мерекелік кездесуде аймақ басшысы әйел-аналарды көктемнің шуақты мерекесімен құттықтап, өңірдің өркендеуіне аян-

республикалық деңгейдегі басқарушы органдарда әйелдер үлесінің артуы – Сіздердің қарымды қабілеттеріңіз бен іскерліктеріңіздің дәлелі, – деді облыс басшысы.

Өмірлік құндылықтың темірқазығы – махаббат, жанашырлық, жауапкершілік сияқты қасиеттер ең әуелі ананың сүтімен, оның берген тәлім-тәрбиесімен беріледі. Әйелсіз тіршілік те тоқтайды. Дүниеге ұрпақ әкелу миссиясы аса мәртебелі әйелдерге ғана берілген құдіреттің сыйы. Кездесуде Батыр ана, еңбек және тыл ардагері Күлтай Рыспапбетова сөз алып, сонау қиын-қыстау кезінде де баланы өмірге әкеліп, қоғамның дамуына да үлес қосқанын айтты.



кішкентайым балабақшаға барарды. Жақында «Бәйтерек» елді мекенінен үй берілді. Бұл да балаларымыз несібесі деп білемін. Бейбіт заманда берекелі тіршілік етіп жатқан жайымыз бар, – дейді көпбалалы ана.

Әсерлі басқосуда төл өнерімді жаңғыртып жүрген жырғау Зәуре Кәрібаева, үш дүркін «Алтын домбыра» иегері, айтыскер акын Мұхтар Ниязовтың анасы Жұмакүл Онғарбаева ақжарма тілегін жеткізді.

Біздің аймағымыздың басшысы тарихымыздағы тұңғыш әйел әкім басқаруымен ерекшеленеді. «Сыр – Алаштың анасы» деген жарасымды ата-бабамыз да бар. Мемлекетімізде ана мен балаға жақсы жағдай жасалған. Өзім көп жылдан бері ұстаздық жолда жүрмін. Сондықтан ең алдымен баланың өмірде өз орнын тауып, үлкен жетістікке жетуі үшін әрбір ана іздену керек. Мұхтарымды да, одан кейінгі балаларымды да солай ізденіп жүріп, өсірдім, тәрбиеледім. Балаға салған инвестиция еселеп қайтатынына сену керек. Әсіресе жастар осыны есте ұстаса екен, – дейді.

Ал, «Ел намысы» арнайы мониторингтік тобының жетекшісі Наталья Мишукова, қарат-додан халықаралық дәрежедегі спорт шебері, екі дүркін Әлем чемпионы Мәдір Жаңбырбай лебізін жеткізіп, меймандарды мерекеміз құттықтады.

Мейірімге толы басқосуда облыстық мәслихат хатшысы Наурызбай Байқадамов, облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Серік Дүйсенбаев аналарға игі тілегін арнап, ілтипат білдірді.

Шуақты сәтті мектеп оқушыларынан құралған өнерпаздар ән-жырмен көмкеріп, аналардың көңіл-күйін көтерді. Ақын Айдар Сайлауов өлең оқып, нәзік жандылардың мерейін бір тақытты.

Суреттерді түсірген  
Нұрболат НҮРЖАУБАЙ

## Асыл ана

Сен құдірет болмасаң,  
асыл ана,  
Жұмақ кілтің өзіңе  
жасыра ма?  
Арнадым осы өлеңді  
ақ тілекпен,  
Жарқыраған бейінеңе  
қосып ода.

Алыптардың бәрінен  
алып ана,  
Мейірімді Ай мен Күннен  
табыла ма?  
Меккеге апарсам да,  
мендік бейнет –  
Азарған шашыңның  
бір талы ғана.

Ұзақ түн ұйқы көрмей,  
төзім білмей,  
Балаңды тербетіңіз  
көңіңді ілмей.  
Мен үшін мынау  
мұңсыз дүниенің,  
Қабағы ашылмайды  
өзің күлмей.

Ең ұлы махаббатпен  
өбем сені,  
Көк аспан, сеңің таяудан  
сен еңселі.  
Құбылаға шұғыла  
шашылғандай,  
Перзенттік парызыңның  
жоқ өлшемі.

Р.ДҮЙСЕНҮЛЫ

РОЗА БАҒЛАНОВА – 100

## Ұлы әншіні ұлықтау шаралары шымалдық ашты



Биыл ұлт тарихында аты қалған ұлыларымыздың бірі – Сыр перзенті, аты аңызға айналған әнші, КСРО және Қазақстанның халық артисі, Халық қаһарманы Роза Бағланованың туғанына 100 жыл толды. Көмейіне бұлбұл ұя салған әнші Ұлы Отан соғысы жылдары майдан даласында ән салып, жауды жеңуге өнерімен үлес қосып, «Жауынгерлік ерлігі үшін» медалімен марапатталған.

6-бет

бай үлес қосып жүрген белсенді әйелдер қауымы, іскер әйел-аналар, қыз-келіншектер үшін бұл мейрамның ерекше мәнге ие екенін жеткізді.

Бүгін аяулы аналарға шынайы алғысымызды білдірсек деген ниетпен жиналып отырмыз. Біздің аналарымыз, аруларымыз тек отбасының ұйытқысы ғана емес, олар – бүкіл қоғамды алға сүйреп, ел ынтымағын нығайтып, несібесін молайтып жүрген қуатты күш.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев 2022 жылды «Балалар жылы» деп жариялады. Бала тәрбиесіне қашанда ұлт тәрбиесі деп қараған дана халқымыз болашақ ұрпақты дүниеге әкеліп, бағып-қағып, қияға ұшырататын аналарды ардақтай да, аялай да білген. Барлық уақытта халқымыз өзіне ең қымбат ұғымдарды – Отан мен Жер, Тілді – Ана атымен байланыстырған. Өйткені, тіршіліктің нәрі де, мәні де – Ана.

Сіздер әрқашан иба мен ізеттің, парасат пен пайымның, мейірімділік пен ізгіліктің бастауы болып келесіздер. Бүгінгі күні билік пен мемлекеттік қызметте,

– Ана бір қолымен бесікті, екінші қолымен әлемді тербетеді. Біз бір ғана отбасының тіршілігімен жүрмедік. Елдің өркендеуіне, дамуына үлес қостық. Тыл игеру жылдарында талай тер төктік. Қиындықтан қашпай, қандай жұмыс болса да білек сыбана кірісіп кететінбіз. Қазір сол еңбектің нағын жеп отырмыз. Алланың берген перзенттерінің барлығы өз отанының тұтқасын ұстап, берекелі өмір сүруде, – деді Батыр ана.

Құрмет төрінен көрінген әскери қызметшінің анасы Алмагүл Құрманбаева да ел тыныштығы үшін қиындықпен бетпе-бет келген азаматтардың анасына шынайы алғысын білдіріп, «Қасіретті қантар» оқиғасы кезінде ұлынан айырылған аналардың жан-дүниесін жақсы түсінетінін тілге тиек етті.

Мұндай кездесуге алғаш рет қатысып отырмын. Қуанышымда шек жоқ. Дүниеге 7 бала әкелген «Алтын алқалы» анамын. Қазір үлкеніміз әскери борышын аман-есен өтеп келіп, осы салада жұмыс істеуде. Ал



# ПАРТИЯНЫҢ АЛДАҒЫ БАҒЫТЫ АЙҚЫН

**«Атапат» партиясы облыстық филиалының төрағасы, облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова төрағалығымен партия активі отырысы өтті.**

Оған облыстық саяси кеңес мүшелері, партия ардагерлері, облыстық мәслихаттағы партия фракциясының мүшелері мен аумақтық партия филиалдарының төрағалары, партия филиалы жанындағы қоғамдық кеңес төрағалары, бастауыш партия ұйымдары жетекшілері мен «Жас Отан» жастар қанатының белсенділері қатысты.

Жында партияның облыстық филиалының атқарушы хатшысы Ләйла Төрешова кезектен тыс XXII съезд қорытындысы мен партияны жаңғырту бағдарламасының басым бағыттарын іске асыруда алда тұрған міндеттер жайында баяндама жасады.

Бұл бағытта аймақтағы 241 бастауыш ұйымында арнайы жиын өтіп, олардың жетекшілері атқарылған жұмыстың тиімділігіне сараптау жүргізді. Партия филиалдары жанындағы қоғамдық кеңестердің 2022 жылға арналған жоспары таразыланды. ҚР Парламенті Мәжілісінің бір топ депутаттары ақпан айында облыста арнайы жұмыс сапарымен болып қайтты. Депутаттар ауылдық



жерлерде тұрғындармен жүздесті. Олардың басым көпшілігін шалғай елді мекендер құрайды. Депутаттар 12 қоғамдық қабылдау өткізіп, 130-дан астам өтініш тыңдалды. Партияның облыстық, қалалық және аудандық жол карталарында 2021 жылға 717

іс-шара жоспарланса, олардың 96 проценті толықтай орындалды. Ал 29 шара бүгінгі күні іске асырылуда, – деді Л.Төрешова.

Облыстық мәслихат хатшысы Наурызбай Байқадамов партияның жаңғырту бағытындағы жұмыстар

жөнінде баяндап берді. Әрбір мәселені шешу бағытында партия ішінде талқылау өтіп, нақты дайындық жасалғаны дұрыс. Бұл проблеманың оң шешілуіне өз септігін тигізеді.

Партиялық қызметтегі жауапкершілік пен партиялық бақылау жү-

мыстарын жаңаша жүргізу туралы партиялық бақылау комиссиясының төрағасы Абайбек Жүнісов, партиялық жаңғырудағы жастар алдында тұрған міндеттер туралы жас депутаттар корпусының мүшесі Еркебұлан Аяғанов хабарлама жасады.

Актив отырысының күн тәртібіндегі мәселелер толық қаралып, жиын соңында филиал төрағасы Гүлшара Әбдіқалықова аймақтағы барша партия белсенділерін Мемлекет басшысы, партия төрағасы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жаңа Қазақстанды құру бойынша реформаларында айқындалған еліміздің табысты дамуына бағытталған міндеттер мен партияны жаңғырту жұмыстарын бірлесіп де белсенді атқаруға шақырды.

Саяси ұйымның жергілікті құрылымдарының алдағы уақытта назар аударуға тиісті бағыты айқын. Ендігі кезекте партиялық жаңғырту бағытындағы міндеттерді қарқынды жүзеге асыру – барлығымызға міндет. Партия филиалы халықпен кері байланыс тиімділігін арттыру мақсатында филиал жанындағы қоғамдық кеңестердің, партиялық бақылау комиссиясы құрамының сапасын арттыру жұмыстары күшейтілуі қалағаланады, – деді Гүлшара Наушақызы.

«СБ» ақпарат

# АЗЫҚ-ТҮЛІК ҚОРЫН ТОЛЫҚТЫРУҒА ӘР АУЫЛ ҮЛЕС ҚОСА АЛАДЫ

**Облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықованың қалаға қарасты елді мекендер тіршілігімен танысып, тұрғындардың талап-тілектерін тыңдау мақсатындағы жұмыс сапары бейсенбі, жұма күндері де жалғасты. Аймақ басшысы алдымен Қосшыңырау ауылдық округінің Абай ауылында ардагерлермен кездесті.**

Ауылдық округте 3500-ге жуық тұрғын бар. 64 шаруа қожалығы, екі мектеп, бір дәрігерлік пункт жұмыс істейді. 178 кәсіпкерлік субъектісі бар. Кездесуде аскалдардың ең бірінші айтқан мәселесі ауылды табиғи газбен қамту болды. Баршағұл Әбжанова – ауылдың байырғы тұрғыны. Бар тілегі – «көгілдір отын» игілігін көру.

Абай ауылының байырғы тұрғынының бірімін. Осында туып-өстім, осы жерде еңбек еттім, қазір зейнеткермін. Ауылымыз кезінде күрші егуден алда тұрған іргелі елді мекен еді. Қазір де жағдайымыз жаман емес. Су, жарық бар. Көшенің бәрі асфальтталған. Тұрғындардың әлеуметтік жағдайы да жақсы. Біздегі күрделі мәселе – газ. Көмір жағамыз, күл шығарамыз, баяғы тірліктен аса алмай отырмыз. Ауылға табиғи газ тартыла деген – тұрғындардың басты сұранысы. Бұл мәселенің көтеріліп келе жатқанына бірнеше жылдың жузі болды. Қала іргесінде тұрсақ та, әлі шешілмей келеді, – дейді ол.

Сондай-ақ, тұрғындар жастарға жұмыс көзін ашу, жер үлесі туралы да мәселелерді көтерді.

Облыс әкімі өңір елді мекендерін газға қосу ісі 67 процентке жеткенін, бір жылда бірнеше ауылға «көгілдір отын» кіргізу қарқын алғанын айтып, бұл ауылда да газбен қамту жұмысы қолға алынатынын жеткізді.

Ауылда мектеп, балабақша, медициналық пункт, мәдениет үйі бар. Ендігі керекті – газ. Бұл мәселені жақсы білемін. Шынында қала іргесінде тұрып «көгілдір отын» игілігін көрмеу қиын. Оның үстіне газ құбыры ауыл іргесіне жақын жатыр. Тиісті жұмыстар атқарылатын болады, – деді аймақ басшысы.

Ауылдық округ әкімі Сей-

дуәлі Әбдіқадировтың айтуынша, газдандыру бойынша былтыр облыстық бюджеттен 11 млн теңге бөлініп, жобасметалық құжаттары әзірленген, бүгінде сараптамалық қорытындыға ұсынылған.

Сондай-ақ, облыс әкімі азық-түлік қорын көбейту үшін ауыл жастарын бақша дақылдарын егуге тарту қажет екенін айтты.

Жалпы ауылдық округ негізінен егін шаруашылығымен айналысады. Бүгінде 2078 гектар егістік жер бар. Оның 1248 гектары күрші алқабы. Егінді сумен қамтамасыз ету үшін R2, «Байқадам», «Алтынбай», «Жаппар», «Ешпан» ірі каналдарын тазалау жұмыстарын жүргізу қолға алынған. Былтыр 15 млн теңге бөлініп, «Жаппар» каналы тазаланған, соның нәтижесінде бойындағы 378 гектар күрші алқабы сумен толық қамтылып, жақсы өнім алған. Быыл «Алтынбай», «Ешпан» және R2 каналын тазалауға да тиісті қаржы қаралған. Елді мекендерді аяқсумен қамту азық-түлік мәселесін шешуге үлкен септігін тигізеді деп күтілуде.

Мұнан соң облыс әкімі Қарауылтөбе ауылдық округінде болып, тұрғындармен кездесті. 2500-ге жуық тұрғыны бар



ауылға клуб қажет. Ауыл тұрғындарының талап-тілектері ескеріліп, быыл 150 орындық клуб салу ісі қолға алынып, жыл аяғына дейін тұрғындар игілігіне беріледі деп жоспарлануда.

Ауылда клуб жоқ екенін білемін. Жақын арада құрылысы басталады деп отырмыз. Жоба-сметалық құжаты дайын. Бұйырса жыл аяғына дейін пайдалануға беріледі. Ол жерде түрлі үйірмелер ашылып, балалар мен жастардың бос уақытын өткізуге жағдай жасалуы керек деп ойлаймын, – деді аймақ басшысы.

Онан соң Гүлшара Әбдіқалықова Қызылжарма және Талсуат ауылдық округтерінде болды.

Қызылжарма елді мекенінде 8500-ге жуық тұрғын бар. Оның ішінде белсенді халық саны 6 мыңға жуық. Облыс әкімі барғанда ауыл азаматтары аяқсумен қамту үшін қолға алынған ұңғыма қазу жұмысының басталғанына куә болып, игілікті іске ақ батасын берді.

Жалпы былтырғы қуаңшылық жайы белгілі. Быыл да жағдай тұрақты емес. Осы

орайда елді мекендерді аяқсумен қамту үшін ұңғыма қазу мәселесі де өзекті. Осыған байланысты Қызылжарма мен Талсуат ауылдық округінде ұңғыма қазу ісі басталды. Ұңғыманың тереңдігі – 90 метр. Құрылыстың құны 33 млн теңгені құрайды.

Талсуат елді мекенінде де 150 орындық клуб құрылысы қолға алынған. Жыл аяғында пайдалануға беріледі деп күтілуде.

Тұрғындармен тілдескен аймақ басшысы аяқсу, газ тарту, жолдың сапасын жақсарту сынды мәселелер кезек-кезесімен шешілетінін жеткізді.

Билығы егін егу науқаны су тапшылығы жағдайында өтетіндіктен, су арнасын тазарту жұмыстарын іске асыру маңызды. Қала іргесіндегі елді мекендер тұрғындармен кездесуде облыс әкімі вегетация кезеңіндегі қолға алынуы тиіс жұмыстарды жеткізді. Сондай-ақ, ауыл тұрғындарын су лимитінің шектеулі болуына байланысты тиімді әдіс-тәсілдерді қолдануға шақырды.

Аймақ басшысымен пікірлескен Қызылөзек ауылының тұрғындары аяқсу мәселесіне алаңдаулы екенін жеткізді. Себебі бірнеше жылдан бері каналдардың тазаланбауынан 4 ауылдық округтегі, атап айтқанда, Қарауылтөбе, Қызылжарма, Талсуат, Қызылөзектегі шабындық жерлерге, жайылымдарға, көлдер жүйесіне су берілмей келген.

Мәселені саралаған облыс әкімі тиісті каналдарда тазалау жұмыстары жүргізіліп, насос қондырғыларын орнату арқылы мәселені оңтайлы шешуге ықпал ететінін атап өтті. Бұл үшін облыстық бюджеттен қажетті қаражат бөлінді. Мұнан бөлек, көлдер жүйесіне де су берілуде. Нәтижесінде Қызылөзекке қарасты Қараөзек елді мекеніндегі «Жаманкөл», «Талдықөл», «Лепірім» көлдер жүйесіне су құйылуда.

Айта кетейік, быыл өңірде 137 насос алуға сұраныс жасалып, 22 ұңғыма тазаланады. Оның ішінде 67 насос қондырғысы «Қазушар» РМК Қызылорда филиалы арқылы іске

қосылады. Сондай-ақ, Үкімет резерві есебінен 17 каналға механикалық тазарту жұмыстары жүргізіледі.

\*\*\*

Аймақтағы мүгедектігі бар жандар қиындыққа қарамай іс бастап, қоғам дамуына қызмет етіп келеді. Әрбір туған жерді өркендетуде өзіндік қолтаңбасын қалдыруға тырысып бағуда. Облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова осындай ерекше жандарға жолығып, олардың мәселесіне назар аударды.

Облыс орталығындағы «Қазақ соқырлар қоғамы» қоғамдық бірлестігі жанынан ашылған оқу-өндірістік кәсіпорнында тігін және картон өңдеу цехы жұмыс жасауда. 2014 жылы грант ұтып, арнайы құрал-жабдықтар сатып алған. Өз бастамаларымен 16 адамды қосымша жұмысқа тартып отыр. Сондай-ақ 30-ға жуық азаматты тігін тігу курсынан өткізді.

Оқу-өндірістік кәсіпорын басшысы Әбубәкір Дүйсенбек облыс әкіміне орталықты таныстырып, ғимаратты абағтан-дыру және қосымша құрылыс салу жұмыстарына қолдау көрсетуді сұрады.

Былтыр ғимаратты кәсіпкерлердің демеушілігімен күрделі жөндеуден өткізді. Енді мұндағылардың жағдайы өздерінің белгілі, барлығы – көз кемістігі бар азаматтар. Кәсіпорынға қарасты шехтарды қайта жөндеуден өткізсе деген тілегіміз бар. Бұл біраз жұмыс көзін ашуға мүмкіндік берер еді, – дейді ол.

Кездесуде аймақ басшысы қаладағы бірқатар кәсіпкерлерге орталықтың шағын көлемдегі жөндеу жұмыстарына көмек көрсетуге ықпал жасау қажет екенін қаперге салды. Айта кету керек, өңір бойынша 1200-ге жуық көз кемістігі бар азамат болса, оның 545-і Қызылорда қаласында тұрады.

Мұнан соң облыс әкімі «Қызылорда облыстық мүгедектер қоғамы» қоғамдық бірлестігі құрған орталыққа барды. Мұнда мүгедектігі бар азаматтарға әлеуметтік қолдау көрсетіледі. Психологиялық тренингтер өткізіп, құқықтық

кеңес береді. Сондай-ақ инва-СТО, яғни, арба жөндеуді үйрету және өзге де қызметтері бар.

Бірлестік төрағасы Сағатбек Сноов орталықта жұмыс істейтін ерекше жандардың әрбір ісін таныстырып берді.

Біз былтырдан бастап ескі ғимаратты жастар және еріктілердің көмегімен өзіміз жөндеп алдық. Заманауи дамыту орталығы етіп жасақтап жатырмыз. Мұнда мүмкіндігі шектеулі жандар колонермен айналысып, төмен бағамен шаштараз қызметін ұсынатын бет және басқа да күтімдерге арналған сұлулық салоны жұмыс істейді. Компьютерлік қызмет ету жағы да қарастырылды. Әлі де жетіспеушіліктер бар. Мысалы, осы ғимараттың едені мен электр желілерін қайта жаңарту керек. Ал біздің негізгі мақсатымыз – аудан, ауылдағы ерекше жандарды қамти отырып, олардың мәселесін құзырлы орындарға дер кезінде жеткізу, – деді бірлестік төрағасы.

Өмірге талпынысы бөлек жандардың жұмысын көрген аймақ басшысы олардың табанды ісі мен өзін дамытуға деген ұмтылысы көптеген азаматтарға үлгі екенін жеткізді. Сондай-ақ ұсыныстарын ескеріп, әрбір бастамаларына қолдау болатынын айтты.

Қала аумағын тазалау және тұрғын үйлерді ауызсумен қамту ісінде коммуналдық қызметтердің бір арнадан басқарылып, қызмет ету аясын оңтайландыру маңызды. Былтыр «Қызылорда тазалығы» ЖШС мен «Қызылорда су жүйесі» кәсіпорны қызметі біріктірілген еді. Дегенмен қос мекеменің жұмысын жолға қоюда бірқатар мәселелер бар. Осы себепті облыс әкімі «Қызылорда тазалығы» ЖШС-на барды. Мамандармен пікірлесіп, ортақ мәселелерді ашық талқылады. Жиынға облыстық мәслихат хатшысы Наурызбай Байқадамов, қала әкімі Ғанибек Қазанғаев, облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының басшысы Ерлан Жанабаев және кәсіпорын басшылығы қатысты.

Қала әкімінің орынбасары Ғабит Жанабаев кәсіпорын жұмысын ілгерілету ісіне қажетті жоспарлар жасалғанын тілге тиек етті. Мәселен, екі кәсіпорын атқаратын қызмет түрлері қосылғалы барлығы 1157 адам тұрақты жұмыспен қамтылған. Бірақ коммуналдық қызметті атқаратын техникалардың 77 проценті ескірген. Жаңа көліктерді алудың қажеттілігі туындап отыр. Себебі, қала ішіндегі көше тазалау жұмыстарының ауқымы кенеюіне байланысты арнайы техникаларды дайындау маңызды.

Облыс әкімі бюджет мүмкіндігіне қарай мәселені жан-жақты сараптап, жаңа техника алуға қажетті қаржыны табу мүмкіндігі қаралатынын жеткізді.

Айнұр БАТТАЛОВА,  
Ержан ҚОЖАС,  
«Сыр бойы»  
Суреттерді түсірген  
Б.ЕСЖАНОВ





ФОРУМ

# Қазақтың келіндері - ай!



Шаңырақты биіктетіп, үй-орманды берекеге толтыратын қазақ келіні арналған форум мереке қарсаңында облыс әкімі жанындағы әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссиясы, ішкі саясат басқармасының, «Рухани жаңғыру» орталығының ұйымдастыруымен өтті. Іс-шара қазақ келіндерінің гимніне айналған «Ақ босаға» әнінің авторы, ақын, педагог Сәнімкүл Желдербаяның 90 жылдық мерейтойына орайластырылып, «Пай-пай, шіркін, қазақтың келіндері-ай!» деп аталды.

Форумға «Ақ босаға» әнінің әйелі өз бағын отбасымен, балаларының бақытымен байла- кейіпкерлері, көпбалалы аналар, шакырлыған. Қазақ келіндері шакырлыған. Қазақ келіндері шакырлыған.

ата-ененің батасын алуды да мұрат тұғалды. Таразының екі басын тең ұстап, бәріне үлгеріп жүргендері қаншама! Форумда басқарма башысы Мира Қазбекова қоғамдағы әйел-аналар көтерген жүктің салмағы туралы айтты. Қонақтарға «Абал ана» құрмет белгісін, ақ жаулық табыстады. Олардың қатарында 18 баланың анасы, Жалағаш ауданы, Еңбек ауылының тұрғыны Фатымағұл Қаршығаева, балалар үйінен 14 баланы бауырына басқан Ақмарал Малбағарова бар. Сондай-ақ тікұшақ апатынан қайтыс болған журналист Сахитжан Бермағанбетовтың, «Әлем барысы – 2021» титулының иегері, белгілі спортшы Мақсат Исағабаловтың, облыстық білім басқармасының башысы Ақзира Қасымованың, «Шұғыла» шағын ауданы №43 үйдегі өрттен 15 адамды құтқарған өрт сөндіру бөлімінің командирі Бауыржан Кененбаевтың, «Мен – Қазақтың» мега-жобасының жеңімпазы, жырау

Күнсұлу Түрікпеннің, кәсіби боксшы, Әлем чемпионы Тұрсынбай Құлахметтің аналары да осындай құрметке ие болды. Форумда ғалым-ұстаз Айман Айтбаева жиналғандарды ақын Сәнімкүл Желдербаяның ғұмырбаяны, олеңдері туралы деректерге қанықтырды. Әнішлер Жәніс Ысқақова, Жазира Байырбекова, Үміт Медеуова көңілге әбден орныққан әсем әндерді шырақалды, Халық қаһарманы Роза Бағланованың келіні Марал Бағланова ақ тілегін айтты. Ресейдің түпкірінен азаматымен қол ұстасып келіп, Қызылордадағы үлкен әулеттің отын жаққан татар қызы, қазір өзі де батағой әже болған Раиса Смаханова қарттардың бата-сын алғанын, сол батамен көгеріп-көктегенін өнеге етті. Жас келіндер, көпбалалы аналар да отбасының ырыс-ынтмағы, береке-бірлігі, туыстардың татулығы туралы ой сабақтады. Кеш барысында жиналғандардың барлығына ақ орман таратылды. Ақ жаулықты аналардың батасымен, жас келіндердің иіліп салған сәлемімен жарасым тапқан іс-шара тағылым көпке дейін ұмытылмайтыны анық.

«СБ» ақпарат

## Көңілі гүлдей көркем жан

Айналасына нұрын шашып, аралас-құралас болған әр адамның көңілін аулауға, жылы сөз айтуға уақыт пен себеп табатын жандардың ортасында жүргені қандай ганибет! Кейде әділетсіздей, кейде қатал деп сипатталатын өмірді сондай адамдар жап-жарық, мейірімді етіп тұратыны айдан анық. Ол өзі ұстаз, араласатын ортасы негізінен студент жастар болса, нағыз мамандығын, тіршіліктен орнып тапқан жан екен деп сүйсінеріңіз сөзсіз. Біз сөз еткілі отырған ұстаз, ғалым Айман Айтбаева да осындай жылы жүректі жанын бірі.



Айман Ералықызы 1962 жылы 8 наурызда қала іргесіндегі Махамбетов ауданында көпбалалы отбасында дүниеге келген. Көптің арасында өскендіктен болар Айман апайдың болмысынан көпшілікті көрініп тұрады. Қазақ балаға ат қоюды қасиетті ұғым есебінде қарап, өмірге жаңа келген нәрестенің ата-анасы, ата-әжесі сыйлы адамға ат қоюға қолқа салатынын болған. Анасының толғағы басалғанда шаңыраққа қонақ болып келген белгілі журналист Нұрділде Уәлиев жана туған нәрестенің есімін Айман деп қойған екен.

тарлы әзілімен түйреп, қарашыраққа бас сұққанды, кафедрасының өзіндік қалыптасқан өнегесі барын бойға сіңіруге әрекет етіп, ізеттіліктің бағбанындай әсер қалдырады.

Оның ұстаздық жолы әдебиеттану ғылымымен үндескен. Қашан да даму үстінде көрінеді, үйреніп жүреді. Жүріс-тұрысы, сөйлеген сөзі, жасаған ісі ұстаздық тағылымы, кісілік келбеті, ізденімпаздығы, білімділігі мен байыттылығы бізге үлгі-өнеге. 2002 жылы «ХХ ғасырдың басындағы қазақ лирикасы» тақырыбында кандидаттық диссертациясын сәтті қорғап, содан бергі уақытта Сырдың басты оқу ордасында білімге талпынған жас буынның дәріскері.

Тізбелей айтар болсақ, апайдың бойынан сан түрлі қасиеттерді көреміз. Бақытын педагогикалық қызметінен тапқан, оны отбасылық бірлікпен ұштастыра, қазанын қайната, жағдайын жайната білген ауялы жар, ардақты ана, сүйікті әже.

Мен кейде апайдың ішкі әлемі таза, жарқырап тұрғанын сеземін. Себебі іште бықсып жататын жаман ойларға орын қалдырмайтын болса керек. Жүрегінің түбіне кір жасырмайды. Ештеңені ұмытпайды да, ойындағысын кез келген жағдайтпен байланыстыра, бірде айқын түрде, бірде тұспалдап, дйттеген әдрексе бағыттап отыратыны бар. Содан өзі де, ары да, ойы да тазарып, рухани әлеміне жол ашып алғандай ма деп қаласын.

Көп оқиды. Тарихи дүниелерді, есте жоқ қонақ замандардағы жәдігерлерді ақтара оқып, ғұламалар қалдырған пәлсапалық ойларға жанаша өң беріп, бүгінгі тіршілікпен сабақтастырып ой-тұжырым жасап отырады. Үзіліс кезіндегі кафедралық бас сұққандымызда, «сен мынаны оқыдың ба, мына жазушы былай деген, кейіпкерлері былай сөйлейді» деп санамызды парактап, шығарма талдай жөнелгенде сол әлемге еніп, сол шығарманы қолға алып, өзін де оқып шығарып келіп, апай айтқан оқиғаны

ойлап, қызық жеріне келіп тоқтап қалған дүниенің астарына үніліп, тартыстың дәлелін білгің келіп, ой үстінде жүресің. Бұл да – айналасын жақсылыққа ұмтылдырып, дүниені көркем әсермен қабылдауды үйретіп, жана толқынды қалыптастырудағы ерекше қасиеті.

Апайдың бойындағы ұқыптылығы – жазу дағдысы мықты қалыптасқан. Білгенін, көргенін, естігенін өзімен бірге жүретін үлкен көк дөңгеге шимайлап, түртіп алып отыратын дағдысы да бар.

Ұлттық, адами құндылықтарды жоғары бағалайды, олардың концептуалды дағдысын талдап, мәселен «үкі», «сыңсу айту» дәстүріне байланысты насихаты ұрпақ тәрбиелеп отырған ата-анаға, болашақ жар атанатын қыз балаларға бағытталады. Дарақылықтың емес, құндылықтың ғибратын аша түсеуі ұмтылады. Ұлт тағдыры – қазақ тағдыры деп түсіндіріп, өмірге, сағат-дәстүрге орынды, дұрыс көзқарас қалыптасу керектігін, дұрыс пайдалануды ұлттық-дүниетанымдық тұрғыдан ұғындырып, тәрбиелік іс-шараларда білім алушыларға рухани болмысты бұзабаға, ұлттық сана жойылса ұлт жойылатынын, не нәрсенің қадірін біліп, түсіну керектігіне баулып жүреді.

Айман Ералықызы – шебер баяндаушы, теоретик, әдіскер. Әдеби мұраларды, ауыз әдебиеті үлгілерін, ежелгі дәуір әдебиетін, ақын-жазушылар шығармаларын білім алушыларға талдап-тарзылап оқуға көңіл аудартады, қызықты детальдар сырын ашып, шәкірттерін оқуға ынталандырып алады.

Шығармадағы мазмұн мен түрді бірікте алып талдау – кітап оқудың негізгі өзегі. Зерделі шәкірт, шебер маман қалыптастыруға кітапта даналық пен көркемдік элементін қабысып жата-тындығын, шығарманың әсемдік ерекшеліктерін, өмірмен байланысын ұғындыруға, қолынан келгенше қол ұшын беретін, бар-бітінен үйретуге күш салатын пісіп-жетілген әдіскер маман.

Шәкірттері үнемі апайды қаулап жүргенін көреміз. «Мен жастарға сенемін» деп Мағжан ақынша шәкірттерін өмір сырын терең ұғындыруға жетелеп, өрелі ойларымен бөлісіп, қуат, рух беріп, қолдап жүреді.

Көркемдік әлемді керегіне жарата білген Айман апамыз образдап сөйлеудің де шебері. Өзінің таным-талғамын бейнелі сөз, кемел оймен өрнектеп, мейірімді, білімді, еңбекқор болу адамды көрікті етеді деп түйін жасап жүреді. Бүгінде беделі биік ұстазымыздың шәкірттері еліміздің білім беру салаларында, қоғамдық мекемелерінде абыройлы қызмет атқарып жүр.

Әншілік қасиеті бөлек әңгіме. Жандының мықтылығы көп оқып, көп тыңдағаннан дерсің. Қандай әннің бол-сын мәтінін жатқа біледі. Кез келген хит әндердің, ретро әндердің керемет орындаушысы. Өзіне тән дауыс иірімдері тыңдаушысының шынайы ықыласын оятады.

Әрине, сабақ – бұл оқыту үдерісінің ең маңызды бөлігі. Айман Ералықызы әріптестеріне, оның ішінде жас мамандарға әдістемелік тұрғыда көмегін де тигізіп жүреді. Сабақ талдаудың шебері. Өзі «менің сабақ талдауым классикалық талдау болады, – деп ескертіп алып, оқытушыға өзін-өзі бағалау, түзеу мүмкіндігін береді. Қате, кемшілік – өсудің, дамудың жолы екендігін, сабақ талдау қате іздеу емес, көмек беру, тәжірибе алмасу үйрену болу керектігін назарға ұстайды, сабақты білімділікке, сауаттылыққа құруды талап ететін тәлімгер ұстаз.

Ұйымдастырушылық қабілеті, әріптестерінің алдында өзін биік етеді. Руханияттың жанаушысы. Қоғамға рухани білім аударай қажет тұрса рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру, насихаттау жұмыстарының бел ортасынан апайды көреміз. Жан-жағына жағымды, интеллекісі жоғары тұлға. Халықаралық, республикалық, облыстық, аудандық, қалалық рухани іс-шаралардың ұйымдастырушысы. Жас ұрпаққа білім беру үнемі өзінді жетілдіруді, дамытуды талап етеді деп, ізінен ерген сипілерін де баулып, қамқорлық танытады.

Өмірін ұрпақ тәрбиелеуге арнаған Айман Ералықызының әлі де болса маман даярлауда берері мол жан. Апайдың өмір жолы мен білім-ғылымдағы жетістіктері жан-жақты баяндалған мақалалар, әлеуметтік желіде посттар жарияланып жүр. Мен тек апайдың еңбек жолындағы кейбір педагогикалық қасиеттеріне ғана тоқталып өттім.

– Қашан көрсен күнге ұқсаған жанары,

Мүғалімдей абзал адам жоқ әлі.

Ұстаз көрген, өнеге көрген жан болсаң,

– деген өлең өрнектерінде бейнеленген ой ұстаздарымыз қалыптастырған мектептің құрметтеушісі, жалғастырушысы екенімізді ойға салып тұрғандай.

Жан-жағына ізгілік сәулесін шашып, шауғын төгіп жүретін сіздей жандар көп болсын! Мерейлі жас құтты болсын!

**Гүлзира САПАРҚЫЗЫ,**  
Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті қазақ тілі мен әдебиеті және журналистика кафедрасының қауымдастырылған профессоры, филология ғылымдарының кандидаты



## Мөлдір бұлақ бастауы

Облыстық мемлекеттік архивінде «Әйел бақыты – қоғам айнасы» тақырыбында білім, мәдениет, журналистика және әлеуметтік қамсыздандыру салаларында еңбек етіп жүрген қыз-келіншектермен кездесу өтті.

Шараға Қазақстанның еңбек сіңірген артисі Күләш Қалымбетова, Қазақстан Жазушылар одағы облыстық филиалының башысы Қаршыға Есімсейітова, №268 мектеп-лицейінің директоры Жұлдызай Сейтжанова, «Облыстық кәсіподақтар орталығы» аумақтық кәсіподақтар бірлестігінің бас маманы Майра Боранбаева, және әнші Қуаныш Ахметқызы қатысты.

Кездесудің мақсаты – шаңыраққа шырақ, еріне қуат, бала-шағасына шуақ болып жүрген аналарымыздың тағылымды әңгімелерінен ғибрат алу.

Іс-шарада Күләш Жантемірқызы мен Қаршыға Құрмашқызы сөз алып, нәзік жандыларды мерекелерімен құттықтады. Шәкірттерін білім нәрімен сусындатқан

Жұлдызай Қожамұратқызы «Әке – асқар тау, ана – мөлдір бұлақ, бала – жағасындағы құрақ» деген халықтық тәрбиенің отбасынан басталатынын, ұлттық құндылықтарымызды қастерлеп, ананы ардақтап, қариясын құрметтей білетін ұлағатты ұрпақ тәрбиелеудің маңызын айтты. Майра Қадірбекқызы әрбір адам қоғамда белсенді болу, өзін-өзі дамытып, әрдайым ізденіс үстінде жүру қажеттігін айтты. Мәдениет саласында жемісті еңбек етіп жүрген Қуаныш Ахметқызы өнегелі отбасының береке-бірлігін, асыл қасиеттерін, балаға тәлім-тәрбие беру, отбасындағы ата-ана рөлінің маңыздылығына тоқталды. Сондай-ақ, жиында әйелдер қауымының қоғамдағы орны, олардың ұрпақ тәрбиесіндегі рөлі сөз болды.

Кездесу соңында Қазанғап атындағы Қызылорда музыкалық жоғары колледжінің студенттері аналарға арнап ән шырақалды және қонақтарға мерекелік сыйлықтар табысталды.

«СБ» ақпарат

Кешегі Кеңестік дәуірдің кезінде бүкіл елімізге танымал болған, трактор тізгінін ұстаған қыздарымыздың ерлермен қатар атқарған жанкешті тіршілігін бүгінгі жастарымыздың бірі білсе, енді бірі білмейді. Солардың қатарында қостанайлық Еңбек Ері Кәмшат Дөненбаева, шиелік Жадыра Таспанбетова, сунақаталық тұңғыш тракторшы Халипа Түлкібаева мен Әзия Қыстаубаеваның есімі бірінші аталады. Жанақорған ауданының Құрметті азаматы, түгіскендік Наубаева Айша Дәрменбайқызы – солардың қатарындағы алғашқы механизатор қыздардың бірі.



Айшаның әкесі Дәрменбай «Бірлік» кеңшарында айтулы бақташы, шешесі сауыншы болатын. Еңбек десе ерінбейтін отбасының тіршілігі де осы малмен байланысты еді. Айша болса әу бастан әке-шешесінің қолқанатына айналған. Мал бақты, сауын сауды. Кейде ат мініп, асау үйреткен кездері де болған. Не керек, елгезек қыз жұмыс десе жұтынын, қандай іс болса да тындырымды атқарып ауылдастардың аузына ілінеді. Орта мектепті бітіргеннен кейін күтпеген жерден ұзаққа сабылмай-ақ, 1974 жылы аудан орталығындағы №187 кәсіптік-техникалық училищеге түсіп (қазіргі колледж) механизатор мамандығын игеріп, Түгіскен тынына түрен салып жатқан. Елде жаппай жастар бригадасы құрылып, өзара жарыстың қызған шағы. Осындай қызу шақта механизатор мамандығын алған Айша да біржолата трактор руліне отырып, алғаш «Беларусь», кейіннен «К-700» тракторын жүргізіп, тын төсін дүбірлеткені бар. Ол осылайша Камшат Дөненбаеваның «Селода тұрады екенсің, техника тілін менгер» деген үндеуін ауданда ең алғашқы болып нақты ісімен қолдағандар қатарында еді.

Алып техниканы менгеру, шаруашылықтағы мың-сан жұмыстарға араласу, ол үшін өрине, әдепке оңай соқпаған. Бірақ өзі қалаған жұмыстың қиындығын жеңуге тура келді. Бірде жер жұртта, бірде шөп орды, енді бірде малшы аулына жем-шөп жеткізетін. Тапсырылған істен шикілік шықпайтын. Ол да болса жастығы, өжеттігі, бейнеткестігінің нәтижесінен шығар деп түйетін. Өзі секілді техника тізгінінде жүрген Жадыра, Әзиямен жиі байланысатын. Ақыл-кеңестерін алып, сырлас-пікірлес болатын. Әсіресе, комсомол комитетінің мүшесі болып жүргенде жастарды патриоттық, еңбексүйгіштік қасиетке баулуға көп жұмыс тындырды. Еңбегін елеген аудандық партия комитеті Айшаны пленум мүшелігіне сайлап, облыстық партия конференциясына талай рет делегат етті. Аудандық кеңеске депутат етіп сайлады. Ауылдағы әйелдер кеңесінің мүшесі ретінде отбасы тәрбиесі, балаларды еңбекке баулу, әйелдерді қоғамдық істерге араластыру жөнінде ой-пікір қозғап, бұл тұрғыда да жерлестерінің ойынан шыға біледі.

Айшаға өткен жылы аудан жұртшылығының қолдаумен Жанақорған ауданының Құрметті азаматы атағы берілді. Оның кеудесіндегі «Еңбектегі ерлігі үшін» медалі – механизатор қыздың маңдай терінің арқасында қол жеткізген жетістігі. КСРО Министрлер Кеңесінің Құрмет грамотасы, бүкіл-одақтық жетістіктер көрмесінің медальдары да – адал еңбектің әділ бағасындай.

Ол – бүгінде зейнеткер, жастардың ақылшысы. Ауыр еңбектің бейнетінен соң зейнетін көріп Түгіскен ауылының ынтмағы мен берекесін ойлайтын тілекшілердің біріне айналып отырған жайы бар.

**Файзулла САХИЕВ,**  
Жаңақорған ауданының Құрметті азаматы



## Кіндік шеше

Бакыт апа десе біздің елдегілер елп ете қалады.

Әсіресе, әйелдер қауымы. Жо-жөк кәзіргі жас келіндер бұдан бейхабар болуы мүмкін. Біздің айттып отырғанымыз 50-ден асып, 70 дейін жасты алқымдаған аналар. Олар Бакыт апа десе...

Қазалының Бекарыстан би ауылында 500-ге жеткебаыл түтін бар. Осындағы халықтың басы ауырып, балтыры сыздамайды дейсіз бе?! Денсаулықта кінәрат ардайым болып тұрады. Ал әйелдерде... Ана болу бақытын кім аңсама? Біз әңгімелегелі отырған кейіпкер солардың жәрдемшісі. Дұрысы, ауыл-аймақта дүниеге келген барлық баланың кіндік шешесі жайлы айтмамыз.

Ержан ҚОЖАСОВ, «Сыр бойы»

Мен білерде елдегі шешенің Бакыт апаға құрметі бөлек-тұғын. Әлі де содан айнымаған. Өйткені, акушерлік қызметте ол кісінің шәкірті болыпты. Бакыт апа жайлы сұрай қалсаңыз:

– 40 жылғы қызмет жолында нағыз ұстаза байайтын адаммын осы кісі, – дейтін мейірлене. – 1981 жылы мамыр айында Бекарыстан би ауылындағы аурухана перзентханасына жұмысқа тұрдым. Ол кезде Карл Маркс совхозы деп аталды. Оқуды енді бітірген 20 жастағы адамда не тәжірибесі болсын? Бакыт апа ол кезде менгеруші екен. Алғаш бағыт беріп, баланы өмірге әкелу жағдайында киналған келіншектерді босандыруда ақыл-кеңесін ең жүзінде көрсеткен жетекшім. Шыны сол, жұмыс барысында қаталдық танытып, кейде кезекшілікте жалғыз өзімді тастап кететін еді. Сондағысы «өз бетінше үйреніп, қорқынышын жеңе білсін» дейді екен ғой. Оны да кеш түсіндік...

Талай ұл мен қызға кіндік шеше болған біздің анамыз әлі де бұл жұмыстан шеткері қалмады. «Шешен Ұлдай мына біздің ұлдың кіндік шешесі еді, сәлем айта бар» дейтін апаларды өзім де жиі кездестіремін.

Осы кезде құлаққа түрпідей тиетін жайттардың бірі – медицина қаншалықты дамыса да аяғы ауыр әйелдердің кесарі тілігімен босануы. Одан қалды, «ауылда босандыру мүмкіндігі болмағандықтан ауданға алып кетті» дегенді жиі естиміз. Себебін сұрай қалсаңыз, тым көп. «Бала теріс келді», «аяқпен келді», «кіндігіне оралып қалды» деп мың сылтауын шұбыртады. Ең қиыны, босанғалы тұрған әйелге сол сәттегі болып жатқан қиындықтарды бетке айта тындар бар. Шыны керек, жүкті әйелмен сөйлесу әдеби қалыс қалады. Ауылдағы бағыт апаратын бірі Үрімша осындай пікір айтты қалды.

– Осындайда ойыма Бакыт апа оралады. Біз босанған кезде де осы жайттар жиі болды ғой, бірақ ол қолдаушы, қорғаушы, демеуші сияқты көрінетін. Ауыл әйелдерін көркем мінезімен, аялы алақанымен, мәдениетті, сабырлы қарым-қатынасымен жеңіл босандырып алатын. Біз перзентханаға сенімді баратынбыз, өйткені, қырағы қадағалап, сауатты бағыт беріп, үнемі бақылауда ұстайтын Бакыт апа бар.

Апай босануға келген екіқабақ әйелді ешқашан ауданға сандалтпайтын. Босанар шақта қорқып-мазасызданып тұруы шартты құбылыс қой. Баланың аяқпен келген, қуырлықпен келген, кіндігіне оралған сәттерінде ешкімді шошытпай, «қазір оналады, тек жақсы ойландар, бәрі жақсы болады...» деген демеу сөзі сәбін күткен әрбір ананы қуаттандыратын. Іштегі сәбінді жай-күйін анық біліп отыратын, – деп ақтарыла естелік айтты Үрімша Бахи.

Ауылдағы егде жастағы аналардың бәрі Бакыт апаны мақтайды. Ішіндегі ең өтімді сөз – «апамның қолы жеңіл». Бағасын осылай-ақ кесіп айтады. Ал ол кіндігін кескен ұл-қыздың көбі бүгінде отбасы құрып, бала сүйіп отыр.

– Айбек есімді ұлды босанарда қатты киналдым. Теріс келді ме, білмеймін, сол кезде мамандар шарасыз күйде қалғаны бар. Акушер Құралайдың «тез Бакыт апамна хабар беріндер» дегенін естідім. Сәлден соң апаның «Қай Жақайым ол, шықпай жатқан, айтыңдаршы маған, қай Жақайым өзі (Жақайым – жергілікті ру аты)» деп әзілдей айқайлаған дауысы естілгені. Ол кісінің дауысы естілісімен бала да шар етіп дүниеге келді. Ниеті тұзу адам келсе, толғақ та оң болады деген ырым да бар емес пе? Сондай да қызық болып еді, – дейді мектеп мұғалімі Құлмараш Каманова.

Қазір 85 жасты толтырған ауылдың кіндік шешесі осылайша тапқырмай қызмет етті. 1959 жылдан бастап 1989 жылы зейнетке шыққанша талай шаңырақтың ішін сәбидін шат күлісін толтыруға себі тиді. Ауылдағы ағайынға адал көңілмен ұнамды болды. «Денсаулық сақтау ісінің үздігі» төсбелгісін де алды.

– 30 жыл осы елдің келіншектерінің жанына жалау болып, аман-есен баласын бауырына басып, үйіне қайтаруға күш салдым. Зейнетке шыққан соң да толғақандардың қасында жүрдік. Жұрттың батасы ғой, осы күнге дейін сол балалар «апалап» құрақ ұшып тұрады. Ең алғаш босандырып алған баламың өзі алыстан асып кетті. Ол кімі десең, мына мектептегі өз ағайың – Дауылбай Қапаров. Айналайын десеіңіз, ұрғыпсам қырықкүйе айы болуы керек, күн дауылдатып, адам бір-бірін көрмейтіндей топырақ суырып тұрған уақытта туды ғой. Әке-шешесі соған орай Дауылбай деп ат берген. Ол заманда жалғыз біздің ауыл емес, көрші Түктібаев, Майдақол, мына Жанақұрылыс пен Қызылжар, Шөмішкөздің де әйелдері осында босанды. Кіндігін кескен ұл-қыздың саны да содан көп шығар. Үш мыңнан астам бала-шағам бар, – деп күле еске алады өткен шағын.

Ел ішіне ерен еңбегімен із қалдырған, сонысымен құрметті, сонысымен жақсы адам атанған Бакыт Елмұратова жайлы жұрт осылай айтады. Бүгінде үлгілі әулеттің ақ сәмайлы әжесі болып отыр. Өзі дүниеге әкелдіріп, кіндігін кескен сәбилері үлкен азамат болған, апаның қолын алып, мереке күндері құттықтап, марқайтып кетеді. Қарттық шағында ақ тілеулері орындалып, жан-жағы аман болып, ұрпағымен мың жасаған кимешекті қария өмірінен аз ғана мағлұмат еді бұл. Оның алтын қолы мен көркем мінезін сезінген ауыл тұрғындары Бакыт апа десе әлі де құрақ ұшады.

Қазалы ауданы

Ұлы Мұхтар Әуезов «...Әйелдің басындағы сасық тұман айықпай, халыққа адамшылықтың бақытты күні күліп қарамайды. Ал, қазақ, мешел болып қалам демесең, тағылымыңды, бесіңді түзе! Оны түзейін десең, әйелдің халін түзе» депті жиырмасыншы ғасырда. Жазушының «әйелдің халін түзе» деген сөзі бүгінгі күні де өзекті болып тұр.

Гүлбану МАҚАЖАН, «Сыр бойы»

## Әйелдің құқын қорға, халін түзе!

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің VI отырысында «Мемлекеттік саясаттың басымдықтарының бірі – ана мен баланы қолдау» деп. Бүгінде елімізде еңбек саласындағы ең бір өзекті мәселелердің бірі – гендерлік алшақтық. Ерлерге қарағанда әйелдердің еңбек нарығына шығып, жұмыс табуы өте қиын. Дереккөздерге сүйенсек, 2020 жылы әлемдік жұмыс күшінің құрамында әйелдер үлесі 45%-ке жуық болған. Бұл ерлер арасындағы көрсеткішпен салыстырғанда шамамен 27% төмен. Мұның басты себебі – әлемдегі әйелдердің жартысы жұмыс күші құрамынан тысқары қалып отыр. Дерек әйелдердің еңбек нарығына араласуына ықпал ету қажеттілігін көрсетеді. Біріккен Ұлттар Ұйымы мен Халықаралық еңбек ұйымы қатысушы мемлекеттерді осы жағдайды лайықты шешу үшін мәселеге ерекше назар аударуға шақырған.

Қазақстанда әйелдердің мүддесі, отбасы мен гендерлік теңдік мәселелері кезең-кезең бойынша шешімін тауып жатқанымен, әйелдерді еңбекпен қамту мәселесі әлі де өзекті. Елімізде заңға сәйкес ерлер мен әйелдерге еңбек қатынастары саласында тең құқықтар мен тең мүмкіндіктерге кепілдік беріледі. Дегенмен жұмысқа қабылдау кезінде жынысы, жасы және отбасылық жағдайы бойынша кемсітушілік әлі де бар. Еңбек шартын жасасу кезінде заңнаманы бұзу жағдайлары жиі кездеседі. Жұмысқа жалдау, кадрлардың өсуі, еңбекке ақы төлеуді белгілеу кезінде ер адамдарға артықшылық ұсынатын жұмыс берушілер бар. Бұл психологиялық қысым еңбек нарығындағы әйелдердің бәсеке қабілеттілігін төмендетеді, әсіресе жас балалары болған кезде оны жұмысқа орналастыру мүмкіндіктерін азайтады. Жас әйелдер жұмыссыздығы ұзаққа созылады және құқықтық осалдық танытуына әкеледі.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің VI отырысында:

– Әйелдер ер адамдарға қарағанда көбінесе бала күтімі бойынша жұмыс пен міндеттерді біріктіруге мәжбүр. Егер әйел декреттік демалыс алса, ол кәсіби дағдылары мен құзыреттілігін жоғалтады. Нәтижесінде, әйелдер еңбек нарығында бәсекеге қабілетсіз болады, – дейді.

Расымен декреттік демалыстан келген әйелдің біліктілігін арттырып, құзыреттілігін жоғарылатуға басшылар құлықсыз. Жұмыс істейтін, отбасылық міндеттері бар әйелдерге әлеуметтік кепілдіктерді қүйейту қажет. Жүктілікке және бала тууға байланысты демалыс беруді реттейтін Еңбек кодексіне сәйкес жұмыскерлерге жүктілікке және бала тууға, жана туған баланы асырап алуға байланысты демалыстар беріледі. Бұл заңның 99-бабында реттелген. Сонымен қатар, «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодексіне сәйкес жүкті әйелдердің жұмыс уақыты режимінің, жүктілікке және босануға байланысты демалыстың, бала үш жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты жалақы сақталатын уақыты, жүктілікке байланысты он екі аптаға дейін зерттеп-қаралуға және медициналық есепке қоюға жұмыс берушінің уақыт беруіне құқығы бар. Бұл мәселе Еңбек кодексіне де айқындалған.

– Ең қиыны – жалғызбасты ата-аналар, олардың балаларына тиісті бақылауды ұйымдастыру қиынға соғады. Олар үшін ерекше еңбек жағдайларын жасау қажет. Жалғызбасты ата-аналардың қашықтан жұмыс істеу және қысқартылған жұмыс режимі құқығын заңнамалық деңгейде қарастыру жөн. Дамыған елдерде ірі компаниялар өз кенеселерінде балалар бөлмелерін ашуда. Мұндай тәжірибе бізде де қалыпты жағдайға айналуда тиіс. Ол үшін осы санаттағы қызметкерлердің мүдделерін ескеретін

еңбек режимін реттеудің тиімді тетіктерін енгізу қажет. Бұл ретте еңбек процестерінің үздіксіздігін қамтамасыз ету маңызды, – деді Президент.

Пандемия уақытында қашықтан жұмыс істеу форматы жағдайдан шығудың оңтайлы жолы болды. Алайда, бұрын жұмыскер мен жұмыс берушінің өзара іс-қимылының қашықтан басқару форматы ҚР ЕК-нің бір ғана бабымен реттелгенін ескерсек, формат ерекшеліктерін дұрыс түсінбей, жиі қиындықтар туындады. Қашықтан жұмыс істейтін қызметкерлердің құқықтары бұзылып, жұмыстан тыс уақытта қолжетімділік және еңбекке ақы төлеу мәселелері дұрыс орындалмаған. Осыған орай облыстық еңбек саласындағы бақылау басқармасының бөлім басшысы Нұрбек Жапақов мысал келтірді.

– Әйелдердің еңбек құқықтарының сақталуы бойынша жоспардан тыс тексеру, бақылау және қадағалау тұрақты жүргізіліп келеді. ҚР Еңбек кодексінің 26-бабында еңбек шартын жасасуға және жұмысқа орналастыруға салынатын тыйымдар және қойылатын шектеулер белгіленген. Атап айтқанда, осы баптың 2-тармағының 4-тармақшасына сәйкес, әйелдерге ауыр, зиянды және қауіпті жұмыстарға орналастыруға жол берілмейді. «Аралтұз» АҚ-да жоспардан тыс тексеру жұмыстарын жүргіздік. Зауыттың №2 және №4 цехтарында дайын өнімді қаптау жұмыстарын атқаратын 84 әйел салмағы 30 келі тұзды көтерген. ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрі әйелдердің еңбегін пайдалануға тыйым салынатын жұмыстардың тізімі, әйелдердің ауыр заттарды қолмен көтеруінің және жылжытуының шекті нормаларын бекіткен. Онда жүктің шекті салмағы – 10 келі, жұмыс ауысымы үшін – 7 келі. Мемлекеттік еңбек инспекторы жұмыс берушіге нұсқама беріп, зауыт цехтарына қап ұстағыш қондырғылары орнатылды.

Статистика мәліметіне сәйкес, елімізде әйелдердің 87,6 мыңы санитарлық-гигиеналық талаптарға мүлдем сай емес жағдайда жұмыс істеген. Олардың 21%-і (18,4 мың адам) шаң-тозаң мен газ иісі шығатын ортада еңбек еткен. Жұмыс беруші жүкті әйелді орташа жалақысынан төмен емес ақы төлей отырып, зиянды және қауіпті өндірістік факторлардың әсері тиімдейтін басқа жұмысқа ауыстыруға міндетті. Басқа жұмыс берушіге дейін ол орташа жалақысы сақтала отырып, жұмысты орындаудан босатылуы керек.

– Әйелдер қауымдастықтары, бірлестіктері, комиссиялары және т.б. ұйымдар тарапынан республикадағы еңбекке ақы төлеудің ең төменгі мөлшерін арттыру туралы тиісті орындарға ұсынымдар беру қажет. Жалақыны жыл сайын міндетті индекстеуді заңнамалық қамтамасыз етуді ұсынған жөн. Жұмыс орындарында жалақы төлемдері бойынша бәсекелестік жоюды талап ету керек. Әлеуметтік қорғау саласында еңбек етуші әйелдерге, келіншектерге, ұжымдық шарттарда отбасылық міндеттері бар адамдарға қосымша жеңілдіктер мен кепілдіктер белгілеуге одан әрі қол жеткізу қажет. Алдымызда отбасылық міндеттері бар адамдарды жұмысқа қабылдауда жұмыс берушілердің экономикалық мүдделілігін арттыруға бағытталған шараларды қабылдау туралы тиісті орындарға ұсынымдар жасау міндеті тұр. Гендерлік аспектіні ескере отырып, еңбек заңнамасының орындалуын бақылауды күшейткен дұрыс, – деді облыстық кәсіподақтар орталығы аумақтық кәсіподақтар бірлестігінің бас маманы, облыстық кәсіподақтардың жұмыскер әйелдер ісі жөніндегі комиссия төрағасы Майра Боранбаева.

Статистиканы сөйлестік, Қазақстанда жұмыссыз әйелдер тұрғындардың 5,4%-ін (ерлерде 4,4) құрайды. Еңбекқақыдағы алшақтық 32,2% құрайды. Бұл әйелдердің еңбек құқығын қорғап, қоғамда белсенді қызмет етуіне қолдау қажет деген сөз. Сіз не дейсіз оқырман?



## Офицердің анасы

Қала тұрғыны Бибисара Өксікбаева жетпістен асқан шағында сахнаға көтеріліп, елдің алдында мерейі үстем болды. Саналы ұрпақ тәрбиелеген ақ жаулықты анаға облыстық қорғаныс департаментінің бастығы, полковник Айдын Сағынбеков «Офицердің анасы» төсбелгісін тақты.

Гүлбану МАҚАЖАН, «Сыр бойы»

Себебі баласы Шәріпбай Шахизадаулы Жалағаш аудандық қорғаныс істер жөніндегі бөлім басшысының орынбасары қызметін жемісті атқарып жүр. Шені – подполковник. Ол әр жылдары Алматы облысы Іле ауданында байланыс әскери бөлімінде, Семей қаласындағы Шығыс өңірлік қолбасшылығының басқармасында взвод командирінен торап бастығы, аға офицер болып қызмет етті. Сондай-ақ Алматы қаласындағы Құрлық әскерлері әскери институтында қызмет бастығы, Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің аға оқытушысы, Қарағанды қаласындағы Астана өңірлік қолбасшылығының басқармасында аға офицер қызметтерін абыроймен атқарды. Бүгінде Жалағаш аудандық қорғаныс істер жөніндегі бөлім басшысының орынбасары ретінде әскери бөлімшелерді жасақтау, жастарды әскерге шақыру, отансүйгіштікке тәрбиелеу, аудандағы жұмылдыру жұмыстарын жүргізуде. «Жақсы ұл – жанған шырақ» демекші Шәріпбайдың қорғаныс істері саласындағы еңбегі «Мінсіз қызметі үшін» медалімен еленген.

Офицердің анасы Бибисара Өксікбайқызы Жамбыл гидромелиоративтік құрылыс институтын бітіріп, Қызылорда қаласында жобалау институтында және жобалау мекемелерінде бөлім басшысы, аға инженер қызметтерін атқарған. Қызмет істей жүріп, бала тәрбиесіне де ерекше көңіл бөлгенін айтады.

– Біздің уақытта жұмыссыз жүру деген жок еді. Күндіз-түні ірі жобаларды жасауға қатыстық. Арасында үйге барып балаларды тамақтандырып, бірін сабаққа жіберіп, бірін күтіп алып та үлгеретін едік. Ұлдар бокс, күрес үйірмелерінен қалмайтын. Жолдасын Шахизадамен бірге ұл-қызды жеткіздік. Оларды оқыту, маман болуына жол көрсеттік. Аллаға шүкір, бәрі – өз саласының үздіктері. «Баласы маман туғанның әкесін түйе үстінде ит қабар» деген, осылардың жасанатын естімесек болды, – дейді ардақты жан.

Ауылы анық қызы Шолпан – кеден саласының үздігі, ұлы Шоқан – құрылыс саласының білікті маманы. Немересі Шәрхан да өнерлі жігіт болып өсіп келеді. Білімді, тәрбиелі ұл-қыз өсірген әзиз ана бүгінде немелерінің ортасында қарттықтың шуағына бөленіп отыр.



## Әділет капитаны

Облыс бойынша қылмыстық-атқару жүйесі департаментінде ерлермен иық тіресе он жылға жуық еңбек етіп жүрген нозік жан-дар бар. Олардың бірі – қалалық

пробация қызметінің инспекторы, әділет капитаны Мөлдір Серікбайқызы.

Мөлдір форма киюді мектеп қабырғасында жүргенде-ақ армандап, полиция қызметкері болам деп шешім қабылдаған. «Қыз балаға қиын мамандық» деген сөздер де кедергі болмапты. Арманын іске асыру үшін бойжеткен Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің заңгер мамандығына түскен.

Еңбек жолын Қызылорда қаласындағы тергеу изоляторынан бастаған. Байқоңыр қалалық пробация қызметінің инспекторы болып та еңбек етті. Қоғамның маңызды мәселелерінің бірі – бас бостандығынан айыру орындарынан шыққан адамдарды әлеуметтік бейімдеу. Олардың жұмысқа орналасып әрі қарай азаматтық қоғамға сіңіп кетуіне ықпал ету. Мөлдір қызметінде осы мақсаттар жолында еңбек етіп жүр. Байқаусызда заң бұзған адамдар болса, оларды бірден түрмеге қамамай, қоғамға бейімделуіне әлеуметтік мәселелері болса, шешуге мүмкіндік береді. Психологиялық, құқықтық әлеуетін жетілдіруге ықпалын тигізіп жүр. Сотталғандардың әрбір іс-әрекетін бақылап отырады. Бұл – қиындық пен қауіпке толы болса да, оның сүйікті жұмысы.

Ішкі істер органы болғасын ерлер немесе әйелдер деп бөлінбейді. Бәріне қойылар талап пен тәртіп бірдей. Жаны нозік болса да кейіпкеріміз өзіне жұктелген міндетті мүлтіксіз орындап келеді.

– Жұмысым үлкен жауапкершілік, күйзеліске төзімділік, кез келген жағдайда өзін ұстай білуді талап етеді. Сотталғандар мен олардың жақындарын толық танып, нақты жауап беруге тырысамын. Іс-қағаздарды сауатты орындап, тапсырманың дер кезінде жауабын беру – күнделікті жұмысым. Күрделі әрі жауапты сала болғандықтан үйренерім көп. Еңбек жолым ізденіс пен тәжірибеге толыға түсеуде, – дейді кейіпкеріміз.

Мөлдір – білікті маман ғана емес асыл жар, бір әулеттің ибалы келіні, екі бала тәрбиелеп отырған ардақты ана. Қызметі мен отбасын қатар алып, әлі де талай жемісті еңбек етпек.



...2017 жылдың тамыз айы болатын. Алматының Қалқаман шағын ауданындағы №1 ауруханада жатқаным үшінші күн өткен. Жылда суық тигенде келетін пульмонология бөлімшесі өзіме таныс орын. Был да төсекке танылып, біраз жақсарған соң жан-жағымна қарап дәлізге шықтым.

Әдеттегідей онда ауруларды тасып, кереуітерді арлы-берлі итеріп жүрген медбикелер. Абыр-сабыр шудан қашып, шеткерірек терезе жаққа жақындадым. Бұл жерде теріс қарап әңгімелесіп тұрған екі кісінің беті бері бұрылды. Көгілдір халат киген кісіні тани кеттім, ақын Мұхтар Шаханов. Қол беріп амандасқаннан соң таныстық басталды.

# ШАХАНОВТЫҢ ТӨРТ ЕРЛІГІ

Ақ халат киген сұңғақ бойлы қараторы кісі осы аурухананың бас дәрігері Рамазанов Манас екен. Ол бірінші болып өзін таныстырған соң:

— Мына кісіні танытын шығарсыз? — деді.

— Иә, иә, Мұханды танымағанда ше, бүкіл қазақ біледі емес пе?! — деп қайтадан қол алысты. Терезе жағында болған біраз әңгімеден соң, өз жайымызға тарадық.

Ертеңіне бас дәрігер өз бөлмесіне шақырды. Жылы шырайлы бас қосуда осы жылы Мұханның 75 жасқа толуы әңгіме арқауы болды. Мұнан соң 2-3 рет ол кісінің төртінші қабаттағы оңашалау палатасында болдым.

Бүгін де Мұханның басынан өткен жайларын тыңдауға тура келді. Жаймашуақ басталған әңгіме орта тұсында қызға түсіп, ақын біраз көтеріліп-басылып отырды. Осыдан біраз бұрын Мұқан жүрек талмасына ұшырап, ауыр жағдайда ауруханада жатқанынан хабардар болғанбыз. Тіпті, сол кездегі еліміздің денсаулық сақтау министрі (аты-жөнін ұмыттым, орыс азаматы): «Егер Шаханов қарсы болмаса, өзімізде ота жасауға болады» деп мәлімдеген-ді. Алайда, емдеу уақыты белгісіз себеппен созылып кеткендіктен, Мұқан өзінің досы Шыңғыс Айтматовтың көмегімен Түркияға алдырылып, сол жерге жүргеніне жасатқан отасы сәтті шыққаны белгілі болған-ды. Ақын әңгіме барысында өзінің жазушы досына деген ризашылық сезімін әлсін-әлсін бет жүзінен анық антарғып отырды. Сәлден соң үстел үстіндегі сәмсап тұрған жемістің бірін алып, креслоға жайғасты.

— Диетіңіз отырдык, дәрігерлердің айтуына тек жеміс-жидек жеу керек, ал нанды ұмытқалы қашан, — деп жымпып алды да, — екінші тамағымыз мынау, — деп дастархан үстіндегі бірнеше дәрінің бір түрін алып аузына салды. Мұнан соң біраз үнсіздік орнады да, мен өзім куә болған бір көрініс көз алдымнан тізбектеліп өте берді...

...Мезгіл жаз айы еді. Абылайхан көшесіндегі Қазақстан Жазушылар одағының мәжіліс залында ақын Мұхтар Шахановпен өткен кездесуге қатысқанбыз. Сыныптық досым Илиясов Мағауиямен залдың алдыңғы жағына барып, бос орынға жайғастық. Бұл ақынның Түркияда емделіп, ұшақпен елге оралып келе жатқан бәті болатын. Өзден сағынып қалған жазушы әріптестері залды толтырыпты. Жазушылар Нұрлан Оразалин, Қабадеш Жұмаділов және Смағұл Елубаевтар төрге жайғасқан.

— Күрметті әріптестер, Мұқан шаршап келе жатқанына ұқсайды. Көлік те баяу келе жатса керек. Сәл сабыр етіңіздер, — деп Смағұл Елубаев әлсін-әлсін кешірім сұрағандай сынай тыңтауда. Біраздан соң залдың есігінен Мұқан көрініп, көпшілікпен басын ізеп амандасты да, жайлап басып төрге беттеді. Залдағылар орнынан тұрған бойда қол шалапалақтап, құрмет көрсетті. Ақын ортадағы орынға жайғасқан соң, орамалмен терішген маңдайын сүртіп, күлімісіреген қалпы жиналғандарға қарады. Жазушы Смағұл Елубаев жанында ашып, ақынның біраз уақыт шетелде қызмет атқарғанын, Қазақстандағы мемлекеттік тілдің қазіргі жағдайы аса күрделі екендігіне бірнеше мысал келтіру арқылы тоқталып өтті.

Сөзінің соңында:

— Біздің қарақөздеріміз қой сияқты, тамағына пышақ тақпағандық дейін қозғалмай, ешбір әрекетсіз жата береді. Ендігі жерде соңғы рет тұяқ серпетін жағдайға келдік. Осыны да үнемі асықпай жүретін халқымыз бәрінен кеш қалды. Мұны уақыт енді көтермейді, — деді. Мұнан соң кезек Мұқана келді. Ол Түркияда қалай емделгенін біраз баяндап, ана тіліміздің қазіргі жай-күйіне кенінен тоқталды.

— Жер бетіндегі жан-жануардың барлығы да ең әуелі жанына батқан жерін сезінеді. Ал, адамдар ауырған жерін айтады. Менің қан-

дастарымның да дәл қазіргі асқынған ауруы — ол өз ана тілін білмеуі. Қазақ халқының шамамен 60 пайыздан астамы өз ана тілінде оқып, жаза алмайтын халге жетті. Астанадағы 10 қазақтың 9-ы, ал Алматыдағы 8-і ана тілінде сөйлемейді, — деді ақын. — Қазақстанда тіркелген 800 жазушының ең болмағанда 80-і, яғни, 10 пайызы ел алдына шығып, ұлттық, рухани мәселелерді көтеріп жүргендердің жанынан табылса, сөз жоқ, билік те олармен санасар еді. Ал, біздің, яғни, ақын-жазушылардың ойлан құрастырып жазған өлең, әңгімелерін тіл білмесе, кім оқыды? Сонда кейінгі ұрпаққа не қалдырамыз? — деді. Ақын мұнан соң да тілге қатысты әртүрлі түйткілдерді ортаға салды.

Ауруханада тағы да бірнеше рет ақынмен бірге болдық. Танертен ерте тұрып, аурухананың екі үш рет айналып жүреміз. Кешке қарай осындағы басқа да науқастар жиналып, есік алдындағы көленкеде Мұханның әңгімесін тыңдаймыз. Бірде ақын шетелдерде болған қызықты оқиғалардың бірін баяндады.

— Жапонияға барғанда білгенім, — деп сөзін жалғастырды, — ол елде мектептегі балаларға 12 жасқа дейін тек жапон тіліндегі төрт пәнді оқытады екен. Олар: елдің тарихы, мәдениеті, тілі және халқының салт-дәстүрі. Солан кейін барып жоғары класта басқа пәндерді бастайды. Ал, біздің елде 2 жастағыларға балабақшада ағылшын, орыс, қазақ тілдерінде әріп танытып, үш тілде оқуға мәжбүрленп жатыр. Мұнан асқан қиянат бола ма? Әлі әріп танымайтын балаға үш тіл білу қаншалықты қажет? Еліңде ешқандай пайдалы қазбасы жоқ, тек судың бетінде қалқып өмір сүріп дамыған Жапонияға автомобиль, электроника өндірісінде тең келер ел жоқ! Неге сондай елдің тәжірибесін бізде қолданбасқа?! Жапондарды ешкім ақымақ демейді.

— Сонымен руындыз кім болды, Мұқа? — деп осы сәтте шеткерірек үнсіз отырған қария кісі өз сұрағын аяқ астынан қойып қалды.

— Руым жоқ, ақсақал, мен қазақтың, — деп Мұқан қатқыл дауыспен жауап берді. — Өзі азғантай қазақты ру-руға, жүзге бөлу халқымыздың нағыз қасиеті. Бұл Ресейдің II Екатерина деген патшасының ойлап тапқан әдісі, халқымызды үш жүзге бөліп, өзара қырқыстырып, ел басқаруды өзінше жеңілдеткен түрі десе болады. Кезіндегі алауыздық бүгінге дейін жалғасып, қала мен даланың жастары бірін-бірі түсінбейтін халге жетті. Үлкендеріміз жүз-жүзге бөлініп жатса, тіпті, өркеніте дамып жатқан елордамыздың өзі қазақша сөйлемейтін қалаға айналып барады.

— Мұқа, балаларыңыз ана тілінде сөйлейтін шығар? — деген ендігі сұраққа ол, — әрине, сөйлейді, егер қазақ тілінде сөйлемесе, ол менің балам емес! — деп жауап берді.

Мұнан кейін де Мұқан талай қызығлықты әңгімесінен тиетін ағытты. Ауруханадан емделіп шыққан ақынмен бірге болған он күнде көптеген ғибаратты әңгімелерін тыңдап, ақынға шексіз алғысымызды айтып, қимай осығарып салдық.

Ал, енді халықтың осыншама құрметіне лайық Мұхтар Шаханов кім еді? Ол — ең әуелі үлкен жүректі талантты ақын. Оның есімі Біріккен Ұлттар Ұйымының Алтын кітабына жазылған. Нобель сыйлығының 100 жылдығына орай тағайындалған Нобельдің алтын медальінің иегері. Екіншіден, ол елін ерекше сүйген үлкен қоғам қайраткері. Осы жерде қазақтың ұлттық мүддесін қорғау жолындағы жасаған төрт ерлігін атап айтуымыз керек!

Біз, қазақ халқы, үш ғасыр бойы әуелі патшалық Ресейдің боданында тұнышығып, соңғы жетпіс жылда Кеңес Одағының солақай саясатының құрбаны болдық. 1986 жылы Желтоқсан айында жастардың Алматы қаласындағы



орталық алаңдағы бас көтеруін билік «Қазақ ұлтшылдығы» деп аяусыз қантөгіспен басты. Араға екі жыл салып, 1988 жылы маусым айында КСРО Жоғарғы Кеңесінің сессиясында сол кездегі депутат Мұхтар Шаханов «Аралдың тағдыры туралы айтамын» деп, Бас хатшы Горбачевті көндіріп, Мәскеудің биік трибунасынан осы Желтоқсан оқиғасына саяси баға беру туралы мәселе көтерді. Яғни, «Қазақ ұлтшылдығы» деген биліктің жалған айыптауларын алып тастатуға бар күш-жігерін салды. Сөйтіп, кейін 2001 жылы Горбачевпен Алматыдағы Түрген маңында кездесіп, оған бүкіл қазақ халқынан теледидар арқылы кешірім сұратады. (Бұл хабарды сол күні менің көргенім бар). Мұндай ұсыныс айтып, оны орындату сол жылдары аса үлкен ерлікпен парапар еді.

Екінші ерлігі — 1989 жылы 22 қыркүйекте Қазақ КСРО Жоғарғы Кеңесінің сессиясында екі тілге яғни, орыс пен қазақ тіліне бірдей мемлекеттік мәртебе беру туралы ұсыныс қабылданып бара жатқан сәтте мінбеге атып шығып, мемлекеттік тіл тек қазақ тілі болуы үшін қайта дауысқа салдырады да, көп дауыспен жеңіске жетеді.

Үшінші ерлігі — 1988 жылы Колбинге хат жазып, Наурыз мерекесін қазаққа қайтару үшін соған Горбачевтен рұқсат алып беруді сұраған. Ақыры сол кезде 62 жыл бойы тоқтап қалған Наурыз мерекесі Қазақстанда алғаш рет тойланды.

Төртінші ерлігі — 2009 жылы жеке куәлігімізге ұлт көрсетілмей «Қазақстандық ұлт» болып кете жаздағанда Шаханов қазақ патриоттары ертіп, бір ай бойы аштық жарияламақшы болған соң, қазақ атын куәлікте қайта сақтап қалуға қол жеткізеді. Міне, бір кездері Мұханның жоғарыда аталған 4 ерлігін көре алмай, әртүрлі әңгіме айтушыларға айтылар жауап осы! Оның ұлттық мәселеге келгенде ештенеден аянары жоқ!

Талантты жазушы, қоғам қайраткері Шыңғыс Айтматов: «Нақ осындай заңды деңгейдегі ақын (Шаханов) XX ғасыр мен XXI ғасыр аралығында бой көрсетті» деп жазды. Ал, КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, ақын Евгений Евтушенко: «Мұхтар Шаханов осы өмірінде үш адамның ғұмырына жетерлік атак пен данқа бөленді және ол оған лайық та!» деп жоғары бағалады. Өзұран авторларының бірі, ақын Жүмекен Нәжімеловен: «Шындымды айтсам, мен М.Шахановтың «Ғашықтық ғаламатты» поэмасы сияқты үш-төрт шығарма жазған болсам, о дүниеге киналмай-ақ кете берер ем» деп жазды. Ал, халық жазушысы Ғабит Мүсірепов: «Мұхтар Шахановтың «Жұбайлар жыры» атты әні — осы дәуірдегі қазақ әндерінің классикасы» деп, оның сазгерлігін де жоғары бағалаған болатын.

Көрнекті ақын, қоғам қайраткері Шахановтың тағы бір қыры: «Отан — біздің ең үлкен анамыз. Әркім өз анасына сүйген еңбегі үшін құрмет дәмдетуі керек» деген ұстанымына берік жан.


Мен бұрын да Мұхтар Шахановпен әр жерде әңгімелесіп, тіпті, өзара кітаптар да алмасқан болатынмын. Бірде Алматының «Сарыарқа» кинотеатры маңындағы алаңкайда тіл туралы өткен митингінде трибунада ақынмен бірге түскен суретім сол кездегі «Дат» газетінің бірінші бетіне шыққаны да жасырын емес.

Осы әңгіменің бәрі қашанда қазақ ұлттығын қамы үшін қабырғасы қайысатын, үнемі елінің бары мен жоғын түгендеп, ашық айтатын ардақты ақынмызбен ауруханада жолығысып қалғаннан кейін ойға келген еді.

**Сәбит ИМАНҒАЛИЕВ,**  
**Қазақстан Журналистер одағының мүшесі,**  
**ҚР Мәдениет қайраткері,**  
**Жалаған ауданының Құрметті азаматы**

# Қызылорданың құрылысында қолтаңбасы қалған

Өткен ғасырдың 60-70 жылдары Қызылорда облысында құрылыс саласы, оның ішінде күрделі құрылыс қарқынды дамыған кезең болды. Облысқа бөлінген ірі көлемдегі қаржыны игеру мақсатында «Главривсовхозстрой» бас басқармасы құрылып, оның қарамағында 5 құрылыс тресі, 13 монтаждау бөлімшесі, 59 жылжымалы мехколонна пайда болып, алып құрылымға айналды. Осы құрылыс ұйымдарының күшімен бір бесжылдықта 1 миллиард 489 миллион сомның негізгі қоры игерілді.



Осы жылдары облыс орталығы мен аймақта өнеркәсіп алыбы целлюлоза-картон комбинаты, электр-жылу орталығы, ондаған фабрика салынып іске қосылды. Екі драма театр, сегіз мәдениет үйі, отыздан астам клуб пайдалануға беріліп, халықтың рухани нәр алу ошақтарына айналды. «Ақмешіт», «Шұғыла», «Саулет» шағын аудандары бой көтерді.

Күрделі құрылыстың өркендеуіне облысқа білікті, тәжірибелі мамандардың келуі себеп болды. Облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы, су шаруашылығы маманы, гидроинженер Мұстақым Ықсанов болды. «Главривсовхозстрой» басқармасының басшысы болып, беделді құрылысшы Эрик Гукасов тағайындалса, сонымен қатар күрделі құрылысқа елеулі үлестерін қосқан мықты мамандар шоғыры қалыптасты. Олардың қатарында Әубәкір Тыныбаев, Шаймерден Бөкіров, Ержігіт Бозғұлов, Айқынбай Дүйсеков, Виктор Морозов, Фарид Фаткуллынов, Сабыр Арыстанбаев, Айтмұрат Шәменов және басқа да азаматтар болды. Солардың бірі, тіпті бірегейі Айқынбай Дүйсеков еді. Айтулы азаматтың туғанына биыл 90 жыл толып отыр.

Ол 1932 жылы Шиелі ауданы Жуантөбе ауылдық кенесіндегі Ақтоған мекенінде дүниеге келген. Ауылдағы жетіжылдық мектепті, одан кейін аудан орталығындағы №14 қазақ орта мектебін өте жақсы бағамен бітіреді. Алматы ауылшаруашылығы институтының гидромелиорация факультетін 1954 жылы ойдағыдай тәмамдаған соң Сырдария суландыру жүйесінде бас инженер қызметін атқарды. 1962-1964 жылдары Батыс Қазақстан өлкесі су шаруашылығы басқармасында бас инженер, онан кейін 1965-1967 жылдары жобалау-іздістіру экспедициясында басшы бола жүріп, оны «Союзгипрорис» экспедиция институты дәржесіне көтеріп басшылық жасады.

Сол еңбегі ескеріліп, қызмет бабында көтеріліп, 1967-1978 жылдары облыстық партия комитеті құрылыс бөлімінің меңгерушісі лауазымын ойдағыдай атқарды. Басқарушылық, ұйымдастырушылық қызметі бағаланып, 1978-1988 жылдары облыстық атқару комитеті төрағасының орынбасары қызметіне кіріскенде адал жүректі, білгір маман, халқына қалаулы, еліне елеулі азамат екенін көрсетті.

А.Дүйсеков қай қызметте болмасын өзін білікті басшы, білімді маман ретінде көрсетті. Облыс ирригациясы мен құрылыс кешенін дамытуға, инженер-техник мамандар дайындауға ерекше еңбек сіңірді. Облыстық партия комитетінде құрылыс саласына жетекшілік еткен кезінде жаңа қырынан танылды. Сол кездегі облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы Хасан Бектұрғанов Ф.Мұратбаев атындағы орталық стадион мен басқа да стратегиялық нысандар құрылысын салуда құрылыс бөлімінің меңгерушісі Айқынбайдың аса жауапкершілік танытқанын, жарнақ құлағы жастыққа тимей еңбек еткенін бағалады. Сонысы үшін әрі көрегендігіне тәнті болған бірінші хатшы алап еңбегіне разылық ретінде кадр таңдауда Дүйсековпен ақылдасып отырды. Сол кезеңдердегі Сыр бойында бой көтерген аса маңызды өндіріс орны, әр ғимараттың өн бойында ол кісінің қолтаңбасы бар екенін айту парыз.

Әсіресе, оның іскерлігі жоспарланған тұнғыш әуежайға көрінді. Облыс басшылығы жоғары органдармен келісіп, әуежай жұмыс Айқынбай Дүйсековтың үлесіне тиді. Бұл өте ауыр, қиыншылығы көп, қыруар материалдары мен техникалық шешілмеген, орасан зор нысан болды. Бірақ Айқынбай Дүйсеков тайсалмады, бар жауапкершілікті мойнына алып, тездетіп, штаб құрып, іске сәт деп кірісіп кетті. Күні-түні басында болып, күнде шұғыл жыны жасап, мәселелерді шеше бастады. Осы ретте облыстың абыз ақсақалдарының бірі болған Ыдырыс Қалиевтың сол кезеңге байланысты естелігін келтіре кетудің орайы келіп тұр.

«Бірде жұмыс бағытын бөліейін деп соққанымда Аиекен «біздегі ұсақ тас ұшақ қонатын жолға төсеуге жарамайды. Жамбылдан әкелейік, көмектесіңіз» деді. Деруе Жамбыл облысы атқару комитеті төрағасы Аққозиева хабарласқанымда бұл өте қиын мәселе екенін, іскер адам жіберу қажеттігін айтты. Сол арада Айқынбайға өзін барасын дедім. Ол Жамбылда екі апта болып, 3 состав шебенді жеткізіп, жұмысқа қызу кірісті. Жоғарыдан қысым көбейгесін әуежайды тездетіп бітірейік деп жанталасып жатқанымызда алдымыздан тағы бір мәселе шыға келді. Жоспар бойынша Жетіғарадан асбоцемент әкелу керек екен. Тағы да Айқынбайды жұмсадым. Ол кез теміржолмен жүк жеткізу мәселесі өте қиындап тұрған

шақ еді. Ресей жағы біздің бос бара жатқан вагондарымызды алып кете беретін. Сол себепті 50 вагоннан тұратын состав құрып, бір жылы вагонды тіркеп, оған бір милиционерді отырғызып, Айқынбайға басқартқызып, Қостанай облысына жібергенбіз. Он алты күн дегенде толық заттармен қайтып оралды» делінген естелікте.

Әуежай жоспарланған мерзімде бітіп, тұсауекер лентасын қиған министр Кузнецов пен облыс басшысы Е.Әуелбеков құттықтау сөздерінде А.Дүйсековтың атына көптеген алғыс айтып, Құрмет грамотасы мен бағалы сый-сияпатын берді. Мұның өзі ұрпақ үшін аямай тер төккен адал адамға көрсетілген құрмет еді.

Мұнан кейінгі ең үлкен құрылыс қазақ драма театры еді. Бұл өнер сарайына үлкен көлем берілді. Көрнекті болу үшін Ленинград, Мәскеу, Свердловск, Талдықорған, Алматы сияқты керемет театрлары бар қалалардың барлығына өзі барып қайтты. Үйренді, көзімен көрді. Еңселі ғимараттарды қалай салу керек екенін білді. Театрдың құрылысы да аяқталды. Бірақ, оның күні-түні отырып, белгілі саулет, өнер адамдарымен ақылдасып ғибратты ғимарат салудағы алған бағасы басқаша болды. Қазақстан Министрлер кеңесіне Ыдырыс Қалиев екеуі шақырылып, құрылыста гранит пен мраморды екі есе артық салғаны үшін ескерту алған еді.

Оның қанатан кең жайып, құлашын сермеп, өркенін өсірген кезі — облыстық атқару комитеті төрағасының орынбасары болған жылдар. Тіпті А.Дүйсековсіз аймақта жанадан бой көтерген не болмаса күрделі жөндеуден өткен мектеп, аурухана, мәдениет үйі, спорт кешендері, саулетті ғимараттар мен тұрғын үйлер іске қосылмады десек артық айтпағанмыз. Өйткені, ол облыстағы қабылдау комиссиясының төрағасы еді. Оның қолы қойылмаса бірде-бір нысан қабылданбайды, қаржы бөлінбейді. Сондықтан жыл аяғында мекеме басшыларының маңдай тіреп келетіні А.Дүйсеков болатын.

Ол өмірінің 21 жылында облыстық партия комитетінде, атқару комитетінде басшылық қызметте болды. Өзі сүйген саланы ерлікпен, бар ынтасымен басқарды. Өмірінің басым бөлігін елімізді көркейтуге арнады. Халық арасында тұр беделге не болды. Ел ішінде, әріптестері арасында «Жұмысым шешілісін десең Дүйсековке бар» деген қағида қалыптасты.

Әрине, оның маңдай терін сығып, жаны жалдап жүріп еткен еңбегінің барлығын қазаға сыйдыру мүмкін емес. Қала мен аудан орталықтарында, көшелер мен алаңдарда халық ұлының ізі тұр. Ол басшылық жасаған жұмыстарда қолтаңбасы қалған.

Ол тек құрылыстың жетілген майталманы емес, шоқтығы биік, адамгершілігі мол, елінің сүйген перзенті, Сыр бойының біртуар азаматы болды. Ешқашан қойқи тірілікке берілмей еліне адал еңбек етті. Ол адал жар, жақсы әке, жаны таза жан болды. Асыл азамат айнымас жары Шәркүл екеуі құдайдың берген перзенттерін бағып қатты. Тұлпардың туғандай ұлдары қазір әке жолымен елге абыройлы қызмет етуде.

Оның еліне жасаған еңбегі еленіп, Қазақ ССР Жоғары Кеңесінің Құрмет грамотасымен марапатталды. Сонымен бірге Жоғары Кеңестің «За трудовую доблесть» және «Ерекше еңбегі үшін», «Тың және тыңайған жерлерді игергені үшін», «Байқонырдағы әскери құрылысының 35 жылдығы», «Еңбек ардагері» медальдары мен «1975 жылы Социалистік жарыстың жеңімпазы» ескерткіш белгілерін иеленді. «Қазақстан Республикасына ерекше еңбегі сіңген зейнеткер» атағы берілді. Бүгінде Қызылорда қаласында бір көше облыстың көркейіп-түгденуіне аянбай атсалысқан азамат есімімен аталуы парыз.

Айқынбай Дүйсеков дүние салып, ақтық сапарға шығарып салар сәттегі қаралы митингте Исатай Әбдікәрімов, Ыдырыс Қалиев, Ержігіт Бозғұлов, Ернияз Омаров секілді басқа да қызметтес болған ағалары, замандастары марқұмның елім деп өткен ер екенін, онегелі өмір иесі болғанын толғанысын, тебірене жеткізген еді. Бүгінде ол кісілердің өздері келместің кемесіне мініп кеткелі қашан.

Өмір жалғаса береді. «Дүниеден өткен кісілердің өмірі тірілердің қолында жалғаспайды» дегендей, А.Дүйсековтың есімі мен атқарған еңбегінің нәтижелері ел жадында сақталарына күмән жоқ.

**Серік ДҮЙСЕВБАЕВ,**  
**облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы**

# Техникалық байқау талаптары қандай?

Облыстық кәсіпкерлер палатасында кәсіпкерлердің құқығын қорғау және бизнестегі заң бұзушылықтардың алдын алу жөнінде кездесу өтті. Онда көпшілікке техникалық қарап-тексеру операторларының қызметі, полиция, кеден және өзге де тиісті салалар бойынша заң талаптары түсіндірілді.

Кездесу барысында облыстық кәсіпкерлер палатасы басшысының орынбасары Пирмұхамед Сыздықов аталған мәселенің өзекті тақырып екенін атап өтті. Қызылорда көлік прокуроры Еркебұлан Лесбеков бұған байланысты жиынға қатысқан әрбір азаматтың пікір білдіруі маңызды екеніне тоқталды.

Кәсіпкерлік саласындағы құқық бұзушылықтар және олардың

құқығын қорғау бағытында тиісті іс-шаралар атқарылып келеді. Осы орайда Қызылорда көлік прокурорының орынбасары Бақытжан Бұқарбаевтың айтуынша, облыс көлемінде 29 техникалық байқау орталығы тізімге енгізілген.

Бытлар бірінші ақпараттық жүйе арқылы талдау жүргізіліп, нәтижесінде 26 техникалық байқау орталығы тарапынан заң талабы

өрескел бұзылғандығы анықталған. Атап айтқанда, байқаудан өткен автокөлік құралдары роликтік тежеуіш стенд үстінде мүлдем жоқ. Байқаудан өткізу барысында автокөліктің орнына басқасы өткізілген. Сондай-ақ, бірдей суретпен техникалық байқаудан өткізіліп тіркелген. Өзге де келенсіздік жағдайлары болған.

Мұндай заң бұзушылықтар

бойынша ҚР Өкімшілік кодекстің 616-бабы негізінде оған жол берген азаматтарға айыппұл салынған. Мұндай келеңсіздікті қайталап жасасаң жағдайда техникалық қарап-тексеру операторлары тізімінен алынып тасталатыны жөнінде түсіндірілді.

Кездесу барысында кәсіпкерлерге облыстық көліктік бақылау инспекциясының басшысы Нәж-

мадин Шамұратов, әкімшілік полиция басқармасының аға инспекторы Еркебұлан Ысқаков, жергілікті полиция қызметі басқармасының бөлім басшысы Ұлан Шермағанбетов аталған тақырыпқа байланысты ой-пікірін білдірді. Тиісті заң талаптары жөнінде түсіндірілді.

«СБ» ақпарат



# Ұлы әншіні ұлықтау шаралары шымылдық ашты

Ол – өз заманында Америка құрама штаттарын, бүкіл Еуропа аралар, концерт берген бірден-бір өнер адамы. Мысалы, елуінші жылдардың өзінде гастрольдік сапармен – Венгрия, Германия, Қытай, Польша, Чехословакия, Ауғанстан, Үндістан, Австрия, Бельгия, Бирма, Швеция, Канада сынды елдерде болған. Тіпті Елизавета патшайымның алдында он шырқаған. Үш рет Сталиннің жеке қабылдауында болған. Сұлудығы сахнаны сәнге бөлеп, ерекше дауысымен, ұлттық нақыштағы киімімен барша тыңдарманын таңырқатқан.

Өлемге ұлтының атын, дарынын, дәстүрін қатар танытқан. Осы атаулы күнге орай ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев елдік дәрежеде бірақтар мәдени шаралардың атқарушысы болды.

рылатынын арнайы атап айтқан болатын. Бұл жөнінде Президент өзінің Twitter парақшасында: «Майдан даласында ән салған Роза Бағланова кәзіргі күнге дейін еліміздегі және шетелдегі әншілер қауымы арасында кеңінен танымал. Оның есімін мәңгі сақтау үшін шаралар қабылдауды тапсырдым», – деп жазды.

Роза Бағланованың азан шақырылып қойған негізгі есімі Үрбибі болған. Сондай-ақ концертке әншінің ұлы Тәжен мен келіні Марал, аңыз әнімен бірге 24 жыл етене қызмет еткен продюсер Қуаныш Әбілқалимов та келді.

Концерттің бетабар сөзінде Мәдениет және спорт министрі Даурен Абаев ЮНЕСКО дегенімендей тойланатын тұлғалар тізіміне енген данқты әншінің ғасырлық тойы ресми түрде бағалғанын айрықша атап өтті. Әнші мерейтойының Париж төрінде де тойланғанын жеткізді. Концерт соңында ел Президенті

Хулқар Абдуллаева (Өзбекстан), Мирбек Атабеков (Қырғызстан) және өзге де танымал артистер өнер көрсетті. Сонымен бірге данқты тұлғаның немересі, он жасар Үрбибі Бағланова да сахнаға шықты.

Роза Бағланованың азан шақырылып қойған негізгі есімі Үрбибі болған. Сондай-ақ концертке әншінің ұлы Тәжен мен келіні Марал, аңыз әнімен бірге 24 жыл етене қызмет еткен продюсер Қуаныш Әбілқалимов та келді.

Концерттің бетабар сөзінде Мәдениет және спорт министрі Даурен Абаев ЮНЕСКО дегенімендей тойланатын тұлғалар тізіміне енген данқты әншінің ғасырлық тойы ресми түрде бағалғанын айрықша атап өтті. Әнші мерейтойының Париж төрінде де тойланғанын жеткізді. Концерт соңында ел Президенті

Қасым-Жомарт Тоқаевтың атынан сахнаға ұлы әншінің рухына тағзым ретінде арнайы ықпалас түлі қойылды.

Алдағы күндерде қазақтың қаһарман қызы Р.Бағлановаға арналған мәдени іс-шаралар Сыр елінде де салтанат құратын болады.

Қазалы ауданы Әйтеке би кеңінінде орталық көшеге және мәдениет орталығына Роза Бағланованың есімі берілген. Сондай-ақ, облыс орталығында да Р.Бағланова атындағы көше бар.

Қызылорда қаласының нақ төрінде әлі ашылуын күтіп тұрған ескерткіш бой көтерді. Бұл ескерткіш атақты тұлғаны ұмытпайтын енесімен бірге, бұл ескерткіштің ұрпаққа рух беріп, олардың отаншылдық сүйіспеншілігін арттыратын бейнесімен асқақ болары анық.

«СБ» ақпарат

# Сағынышым сары ормандай самсаған...

Бұл кезде училище қысқа мерзімді факультативтік курстарда бастауыш және жетіжылдық мектептерге әдебиет, физика-математика, тарих, география пәндерінен мұғалімдер даярлады. Училищенен география пәнінің мұғалімі біліктілігін алып, Арал қаласындағы Т.Шевченко атындағы бастауыш мектепте сабақ беріп, еңбек жолын бастаған. 1939 жылы Қызылорда қаласындағы №6 жол бойындағы мектепте жұмыс атқарды.

қалмауы керек. Масақ тере жүріп барлығымыздың девизіміз – «Бір дән – жауға атылған оқ».

Ибаһ деген қыз, керемет әнші еді, дауысы алысқа жететін. Масақ теріп жүріп айтылған ән құлағыма әлі күнге дейін келеді. Күнде осы тірлік қайталады. Бір күні тағы бір жүріп өтіндер масақ қалмағын деп едім, балалар шаршағанын білдірмей қас қарайса да, қайта атызға түсе кетті. Барлық бала екі ұстай масақ жинады. Қаптын ауызын ашқан жоқпын, тез-тез үйлеріне барындар дедім. Қуанғандарын көрсен. Өзім отыра қалып жыла-дым. Биік төбеге шығып арттарынан қарап тұрдым, біреу-біреу ұстама мен кеттім жауапқа деп.

Соғысқа кеткен азаматтарға ет, күріш, тоқыма бұйымдарын жіберу керек. Партияның тапсырмасын мүлтіксіз орындау мақсат. Қиналып жүріп ол пен өрттің ортасындағы қиналған бауырларға көмек беру керек. Біз осы іске барлығымыз бір адамдай жұмылдық, – дейтін әжем.

Майданға аттанған ер азаматтардың орнын жоқтатпай, өздері ашқұрақ жүрсе де, жеңіске деген үмітін жоғалтпай, барлық ауыртпашылықты көтере білген әжемді мақтан етемін. Өмірден алған білімі мол еді, оны орында пайдалана білді де. «Ұстаздық жолымды өзін жалғастырарым» деп еркелететін. Әйел заты, отбасы берекеті мен бірлігі, отбасы тәрбиесі және тәлімі турасында жиі айтатын.

Данамын демеймін, анамын. Ана баласын отқа итермейді ғой. «Ата – асқар тау, ана – бауырындағы бұлақ, бала – жағасындағы құрақ» деген бар. Ер жеткін, енді ананың ақ сүтін акта, адам бол, өтірік айтап керегін біле жүр, – деп өсеті мен тілегін жаудырып отыратын.

«Мейманды жақсылап қарсы алған үйге бақыт үйір келеді» деген мақалды жиі айтышы еді. Заман ағымын, өмір талабын түсінетін. Өзгенің қайғы-қасіретін бөлісе білетін, адамға секізілмейтін еді. Біреуді аяп, қамқорлыққа алудан жалықпайтын. Жетім-жесірге көмек жасап отыратын, онысын ешкімге білдірмейтін. Кейін келіні де жабырқаған жандарға көмектесіп жүрді. Бұл енесінің тәрбиесі еді.

Бейбіт әжемнің мәртебесін арттыру, рухына тағзым ету үшін көше атын беруді ұсынатын етіп, біраз есікті қаққан әжемнің еңбегі атқалса екен деймін.

Әжем 87 жасқа қарағанда дүниеден озды. Ауулы жанның бейнесі ұмытылмайды.

**Лаура АХМЕТОВА,**  
**М.Мәметова атындағы**  
**Қызылорда педагогикалық**  
**жоғары колледжінде**  
**оқытушысы, педагогика**  
**ғылымдарының магистрі**

# Академик асуы

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев халыққа Жолдауында: «Ғылымды дамыту – біздің аса маңызды басымдығымыз» деп көрсетті. Әлбетте, қоғамның дамуы жолында ғылымның орны ерекше.

Осы орайда, ғалымдардың қажырлы еңбегі, зерттеу жұмыстары теориялық деректер мен заңдылықтарын ашумен қатар практикалық маңызы бар нәтиже беруді тиіс. Еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына сүбелі үлесін қосып жүрген ғалым Ләззат Балтабайқызы Құлымбетоваға ҚР Ұлттық инженерлік академиясының толық мүшесі – академик атағы берілді.

Ұлттық инженерлік академияның негізін қалаушы, ұйымдастырушысы және оның алғашқы президенті академик Ө.Жолдасбеков болатын. Қазір белгілі ғалым, Парламент Сенатының депутаты, академик Б.Жұмағұлов басқарып отыр. Құрамына ірі өндіріс ошақтар, ғылыми-техникалық және инженерлік орталықтар, облыстық филиалдар және бөлімшелер кіреді.

Қазақстан тұтыну бірлестігіне қарасты Қарағанды кооператив институты іргесі қаланғаннан бастап еліміздегі экономикалық білім беру жүйесінің беткеуістар ғылыми мектебі болды. Бұл оқу ордасында (қазір Қарағанды экономикалық университеті – КЭУ) кезінде Мәскеу, Қазан, Киев, Санкт-Петербург, Новосібірде білімдерін шыңдаған ұстаздар дәріс берген-ді. Қазір де болашаққа жетелейтін, жол ашатын КЭУ кез келген мектеп түлегінің арманын орындауға септігін тигізетіні ақиқат.

Осы оқу орнының түлегі, академик Л.Құлымбетова Қарағандыдағы №38 мектепті 1981 жылы үздік бітірген. КЭУ-ді, Мәскеудің кооператив институтын бітірген. 1997 жылы Қазақ тұтыну бірлестігіне қарасты КЭУ-нің аспиранты, ал 2001 жылы кандидаттық қорғап, 2002-2003 жылдары экономика



ғылымының кандидаты, доцент атағына ие болды. «Жаһандану кезінде Қазақстанның жылжымайтын мүлік дамуының ерекшелігі» деген тақырыпта докторлық диссертация жазып, 2011 жылы профессор атағын алды. Кейін ҰИА-ның корреспондент мүшесі, 2018 жылы экономика бөлімінің ғылыми секретары болып сайланды. Екі монография, 7 оқулық авторлары және 5 тілдік «Көк бизнес» глоссариясының иесі. Оның басқаруымен 4 адам магистрлік қорғады. Алыс және жақын шет елдерде 114 еңбегі жарияланған. «Жоғары оқу орындарының үздік педагогы», «Тауелсіздік құрылысы», көптеген мақалаларының иегері. «Көк бизнестің құрылуы мен дамуы» және «Экоинновациялық жетілдіру» атты екі жобаның ғылыми жетекшісі.

Ләззат Балтабайқызы – еліміздің, туған жерінің алдында парызын өтеп жүрген жан. Әлі де Қазақстанның әлеуметтік дамуына қосар үлесі мол.

М.МЕРЕЙ

Дәрігердің берген нұсқамасын қалт жібермей, өз ісіне үлкен жауапкершілікпен қарайтын мейірімдердің еңбегі орасан. Таңертең жұмысқа келіп, кешке дейін міндетін атқарған соң, келесі ауысымға науқастарды аман-есен табыстау керек.

Айсәуле ҚАРАПАЕВА,  
«Сыр бойы»

# Кеселмен бетпе-бет күрескен

Бұл жерде күнделікті қайталанатын тірлік. Гипократ антына берік, таңдаған мамандығынан еш жалықпаған Алмагүл Нұрғалиеваның облыстық жұқпалы аурулар ауруханасында мейірікке болғанына 40 жылға жуық уақыт болыпты.

Ол 1985 жылы Қызылорда медициналық училищесінің «Мейірікке ісі» мамандығын тәмамдап, сол жылы қалалық аурухананың реанимация бөлімінде еңбек жолын бастайды. Бір жылдың ішінде аға мейірікке атанады. 1989 жылдың тамыз айында облыстық жұқпалы аурулар ауруханасы ашылды, қалалық және облыстық ауруханалардың жұқпалы аурулар бөлімшелерінде жұмыс жасайтын мамандар сол жерге ауысады.

Екі жылдан бері адамзат баласын збегірге түсірген пандемиямен күресте алдыңғы шептен көрінген осы жұқпалы аурулар ауруханасының мамандары. Әрбір науқасқа жеке-жеке күтім көрсету, оның жағдайын сағат сайын бақылау, дене температурасын өлшеп, дәрісін егу секілді жұмыстарды 12 сағат бойына тіксінен-тік тұрып атқару нағыз ерлікке тең еді. Алмагүл Қалыбайқызы сол қиын сәттердің енді қайталанбауын тілейді.

Біздің бөлімшеге корона-вируспен ауырып түскен адамдар көп болды. Олардың тағы



қосымша диагнозы бар. Жоғары қан қысымымен, қант диабетімен, қатерлі ісікпен ауыратын науқастар да кездесті. Әр мейірікке 20 науқастан жауапкершілігіне жүктелді. Үстімізге кінген қорғаныш киім, қолдағы қолғап, аяқтағы зіл батпан етіпкінен қайтатар ыстықта ас-суысз жұмыс істеген күндер де өтті. Денсаулық үшін күресіп жатқандар ішінде біреудің анасы, әкесі, баласы, қызы бар. Барлығына да өзміздің туысымыздай жанашырлықпен қарап, реанимация бөлімшесіне түсіп қалмауын қадағаладық. Елімізде ендігі жерде мұндай ауыр кезең қайталанбасын, – дейді мейірімді жан.

Берекелі отбасының ұйытқысына айналған Алмагүл апайдың жолдасы Гани Көпешов «Қорқыт ата» әуежайында жұмыс істейді. Үш перзентті өсіріп, бағып-қаққан. Үлкен ұлы Жандос пен Айдос Алматы қаласында тұрады. Кенже баласы Бекзат – ІІ-сынып оқушысы. Әділет және Аяла есімді немерелері көз қуанышына айналған.

Бүгінде тәжірибесі толысқан маман өзінен кейін де аға мейірікелерді дайындап шығарған. Атап айтар болсақ, Қаншағұл Әбішева, Гүлмира Ерғалиева, Алена Пак секілді мақтан тұтар шәкірттері бар. Сонысымен де өмір мәнді әрі мағыналы болмақ.

## ● КӘСІП

# ҮЙІ БАРҒА КҮЙ ТІЛЕП, ҮЙІ ЖОҚҚА ҮЙ БЕРСЕМ...

## кәсіпкер Серік Ералы осылай дейді

«Ауданда полистиролбетон өнімін шығаратын цех ашылыпты. Өнімдері сапалы әрі сұранысқа ие екен. Қазалыдан өзге жерлерге де жеткізілетін көрінеді» дегенді жиі еститініз. Алдымен қолымыздағы құжатты көпшілік назарына ұсынсақ.

Жұмабек ТАБЫНБАЕВ,  
«Сыр бойы»

«Nur-Madi-At» ЖК басшысы Серік Талқанбайұлы Ералы өткен жылдың қыркүйек айынан бастап, полистиролбетон шығару кәсібін айналысуда. Бүгінде ол өз кәсібін ұлғайтып, 4 адамды тұрақты жұмыспен қамтып отыр. Серік бұл кәсібін өз қаражатымен ашқан. Қазіргі таңда өзге аудандарда да жеткізу қызметін жүргізіп келеді. Көзқарактыларға полистиролбетон жеңіл бетондар қатарына жататыны, құрамында түйіршіктелген полистирол ба-

ры, салмағы жеңіл және жылу-сақтағыш болып келетіні жақсы мәлім.

Жақсыны көрмек үшін. Игі істі назарынан қалыс қалдырмайтын Қазалы ауданының әкімі Мұхтар Оразбаев цехтың жай-күйімен танысып, Серік Талқанбайұлымен кездесті. Цехты аралау барысында алдағы уақытта мемлекет тарапынан өз кәсібін ұлғайтатын деген кәсіп иелеріне онтайлы бағдарламалар бар екенін айтып, қолдау білдіретінін жеткізді.



Жаналықты паш етуге асыққан біз де жеке кәсіпкермен тілдескен едік. Бойында жастық жігері жанылғандан, тура орда бұзар жастағы Серік іркілген жоқ. – Менің негізгі мамандығым

мұғалім. Шымкент қаласындағы Халықаралық гуманитарлық-техникалық университетті тарих пәнінің оқытушысы мамандығы бойынша бітіргенмін. Алғашқыда қазіргі Қазалы қол-техникалық

жоғары колледжіне көркемдік жетекші болып жұмыс істеп, кейін тарих пәнінің оқытушысы, директордың оқу-тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасары болып қызмет атқарды. Тарих пәнінің оқытушысы бола жүріп, өткен жылдың сәуір айынан бастап жеке кәсіпкер ретінде тіркелді, «Nur-Madi-At» полистиролбетон цехын аштым.

Халықтың сұранысына сай құрылыс материалын шығарумен айналысып келемін. Осы кезге дейін Қызылорда, Қармақшы, Байқоңыр, Арал, Сексеуіл және Қазалы аудандарынан тапсырыс түсіп, бытырдын өзінде оншақты үйдің қабырғасы осы материалмен өрілді. Бұл – ХХІ ғасырдың жаңа технологиясы. Жылуды жақсы ұстайды, ыстық өткізбейді. Салмағы жеңіл. Бағасы қалтаға қонымды. Үй салушы кірпіш сапып алуға қарағанда қаражатын екі есе үнемдей алады.

Казір цехта төрт адам жұмыс істейді, алдағы көктем айында тағы төрт жұмысшы алып, жұмысты екі есеге ұлғайту жоспарда тұр. Осы уақытта күніне 150 блок шықса, көктемнен бастап күніне 300 блок шығару ойда бар. Бұл кәсіпке қоса «Фасад панель» деген үй қаптайтын құрылыс материалы да шығады.

Жұбайым Маханова Эльвира аталған колледжде оқытушы болып қызмет атқарады. Осы кезде декреттік демалыста. Төрт үй тәрбиелеп отырмыз. Болашақта кәсіпімді әрі қарай дамытпақпын. Алдағы уақытта осы аудандан көпбалалы немесе тұрмысы төмен отбасыға бір үй тұрғызып беріп, қолына кілтін ұстатуды межелеп отырмын. Ол жоспар келер жылдың енішінде, – дейді Серік бізбен әңгіме барысында.

Бәрекелді!

Қазалы ауданы

Газетіміздің келесі саны 10 наурыз, бейсенбі күні шығады.

www.facebook.com/syrboyi.kz/

https://twitter.com/syrboyi

www.instagram.com/syrboyi\_kz



жауапкершілік шектеулі серіктестігі

**БАС ДИРЕКТОР**  
**Аманжол ОҢҒАРБАЕВ**  
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)  
**БАС РЕДАКТОР**  
**Қуат ШАРАБИДИНОВ**  
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)  
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

**Бөлімдер:**  
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)  
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)  
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)  
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)  
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38  
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті  
ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015)  
«Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымыздар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.  
«АҚ» - ақылы қызмет.  
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.